



Педагог

№2 (62)
(Наурыз-Сәуір)
(Март-Апрель)
2021

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Аувакир Болот. Бала жанының бағбаны	3
А. Тулепбергенова. Ұрпақ бойында ұлттық сана қалыптастыру жолдары.....	5
Ж. Шакимова. Үш тұғырлы тіл – жарқын болашақтың кепілі.....	6
Г. Сисенова. PISA халықаралық бағдарламасының рөлі – білім алушылардың білімдері мен біліктілігін бағалау	8
Б. Рахатаева, Р. Жаримбетова. Болон жүйесінің артықшылығы мен кемшілігі	11
А. Күрлен. Жалпы білім беретін мектептердің оқу-әдістемелік жұмысын инновациялық басқару жүйесі	13
Г. Касымова. Математиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолдану	15
Н. Каниева, Г. Жакупова. Оқушылардың практикалық білігі мен дағдыларын арттырудың бірден бір құралы – математикалық қосымша дәптер	17
Г. Казахова. Бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлауын қалыптастыру технологиялары.....	19
А. Искакова. Дистанционное обучение	21
Т. Батюта. Любимые произведения	23
Г. Жұбаназар, Ө. Мадемар. Пифагор сандарының жалпы формуласы бар ма? .25	
Д. Байтлесова. Білім алушыларда өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі тану қабілеттерін, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру	28
Ш. Татыранова. Ерлік даңқы мәңгілік	34
А. Куриленко, А. Наурзбекова. Гении в своей профессии.....	36
Ж. Бисенғалиева. Табиғат құбылыстары бөлімі бойынша қайталау сабақ.....	38
А. Рахмалиева. XX ғ. Қазақстан экономикасының дамуы	44
Е. Ерболатұлы. Бәрін де жүрегіңмен өлше.....	46

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
31.03.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры и
информации РК в г. Астане. Выдано
свидетельство №10712-Ж
от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 31.03.2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Бала жанының бағбаны



**Болот АУБАКИР,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
аға оқытушысы,
«MDU-BILIM» оқу орталығының
директоры, республикалық
деңгейдегі семинар спикері.
Алматы қаласы.**

Адам жанын нұрландыратын ұғымның ұлысы — ұстаз. Ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ұлағаттылық пен парасаттылықты қалыптастыру бүгінгі күнде ұстаздар үшін өзекті мәселе болып отыр. Осы тұрғыда жоғарыда көрсетілген құндылықтар

мен құзыреттіліктер балабақшадан басталатын болса, онда балабақша тәрбиешілері үшін бұл үлкен жауапкершілік. Дәл осы мамандардың кәсіби өсуімен айналысу мен үшін үлкен сынақ секілді. 10 жылдам аса уақыт осы салада жұмыс жасап келемін. 2000-нан астам мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктіліктерін арттыру жұмыстарын жүргіздім. «Өрлеу» АҚ біліктілікті арттыру ұлттық орталығында аға оқытушы, балабақшаларда меңгеруші, әдіскер қызметтерін атқардым. Қызмет жасау барысында «баланы тәрбиелеме, өзінді тәрбиеле» деген халқымның дана сөзіне әрқашанда көзім жетіп отырды. Біз өскелең ұрпаққа сапалы білім бергіміз келсе, әуелі педагогтарымызды сапалы білімге бағыттауымыз керек. Әр педагог өз мамандығының шебері болғаны дұрыс...

Ел есінде бір жыл қалғың келсе — ас бер, он жыл қалғың келсе — ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе — бала тәрбиеле дейді дана халқымыз. Бұл даналықтың мағынасы мен мәнін түсініп, әрбір әрекетін ойланып жасайтын тәрбиеші мамандығының мен үшін екі басым тұсы бар:



Бірінші, адам жанының алғашқы бағбаны екенімді сезінуім. Демек, бұл дегеніміз жемісі мол, жетер биігі басым ұрпақ тәрбиелеудің үлкен мүмкіндігі.

Екінші, есіме алған балалығым. Баламен бала болып жүргенде әрдайым бала кезімдегі жақсы әрекеттерді, ойындарды, ертегілерді жаңғыртып отырам. Сол арқылы менің әр күнім балалық шаққа саяхат секілді басталады және аяқталады. Бұл басымдықтар менің мамандығыма деген сүйіспеншілікті күн санап өсірмесе өшірген емес. Осындай істі абыроймен атқаруға мүмкіндік берген мамандығым – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту».

Менің педагогикалық ұстанымым мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне балаларды денсаулығы мықты адам етіп қана өсірмей, сонымен қатар кең пейілді, ақылды, жауапкершілігі бар, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Бұл дегеніміз, ұлтшыл емес ұлтын сүйетін, қазақ өлеңдерін ұйып тындайтын, ертегілерімен еңсесін көтеретін бала. Және де бала бойына имандылық, көркем қасиеттерді сіңіру де басты мақсатым. Осы мақсатымды жүзеге асыруда «Ата-аналар мектебін» іске қосу, ата-ана-

лармен тығыз байланыс жасауымыз керек. Себебі, балабақшада «ата-ана — бала- балабақша» байланысы ешқашан үзілмеу керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, балабақшада кез келген атқарылатын жұмыс іс-әрекетке бағытталуы қажет. Іс-әрекет нәтиженің кепілі бола алады. Осы орайда мен тәрбие мен оқу үдерістерін нақты мақсатқа бағыттауда жиырмаға жуық технологиялар мен әдістемелерді таратудамын.

Өз мамандығымды жақсы көргендіктен де, бұл сұрақтар мені әрқашан ойландырады. Осы ретте балабақша ішінде көптеген шаралар өткізіп келемін. Балалардың арасында рухани жарыс жасай отырып, ертеңіне сенетін өрелі ұрпақ тәрбиесіне үлес қосудамын.

Сөз соңын М. Мақатаев атамыздың өлең жолымен аяқтағым келеді және де ақынның өлең жолдарында мен үшін негізгі құндылықтар жатқандығын ескерткім келеді:

Сен жас буын, жаға тал,
Гүлің де өсіп шашырар,
Саралы оқып білім ал,
Сөнгенше сәулең асырар!

Мен Мамандығымды сүйемін,
құрметтеймін, еңбектенемін, осы
жолда адал қызмет етемін!!!



Ұрпақ бойында ұлттық сана қалыптастыру жолдары



**Алима Базарбековна
ТУЛЕПБЕРГЕНОВА,
УО «Новая школа»
(«Lakeview school
Almaty»)
мектебінің ағылшын
тілі пәні мұғалімі.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.**

Қазақ халқы сөз өнерінің құдіреттілігін басқа өнермен теңдестірмеген. Әр сөздің дыбысы мен мәніне ерекше көңіл аударып, үздіксіз үнемі жетілдіріп отырған. Баланың бүлдіршін шағынан ән, күй, жыр, ертегі-аңыз естіп өсуі – ең мәнді, қисынды, табиғи құбылыс болып саналады. Шешендік өнерге баулудың бұлжымас шарты осы. Менің ойымша, балаға сөзді анық, нақ-нағымен сұлу айтатын ұстаз тандау қажет. Мысалы тамаша табиғи сипаттармен тұңғыш рет естіген және әдемі дауыспен оқылған мәтін оның ойлау қабілетін, іштей сөйлеуін оятады. Ойлау мен тіл тамырлас. Екеуі де жұмбақтай күрделі құбылыс. Ойды ойдағыдай жеткізу үшін оралымды икемді тіл қажет. Қазақ қоғамында шешендік өнердің алатын орны зор. Ұрпақ тәрбиесінде, ел басқару жүйесінде, елді сәуелендіру жолында, әрине, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып, жинақталып, жүйеленген нақыл-ақыл, өсиет, насихатқа негізделген отты да нақышты, шебер де шешен айтылатын ауызша сөздің тағылымдық танымдық әрі тәрбиелік мәні айрықша. Сөз арқылы тәрбие берген қазақтың ұл-қыздары ақылды да инабатты болған. Асыл сөз тыңдаушының сөзін тол-

қытып, бойын балқытып, көңілін ұлататындай болған. Атақты Бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзінді тіліне билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтінін біл. Кімге сөйлейтінін біл. Қай жерде сөйлейтінін біл. Қай кезде сөйлейтінін біл. Қалай сөйлейтінін біл», - деген екен. Бұл нақты тұжырым. Осы тиым сөздің астында терең ұлттық тәрбие жатыр. Осынау қасиетті өнердің туын асқақтата желбіреткен көсем ойлы, тапқыр тілді, сұңқар үнді, ділмәр шешен-билер қазақ сахарасында демократияның жандануына, темірдей берік тәртіптің имандылық, ізгіліктің қанат жаюына әсер етті.

Әрбір кезеңнің тәрбиесі ұлттық педагогиканың негіздері болып қаланады. Олар шартты түрде төмендегідей жолдармен жасалады:

1. Сөздің құдіреттілігі;
2. Жүрек тәрбиесі;
3. Тектік және тұқымдық қасиеттері;
4. Ұрпақ тазалығы (Бесік тәрбиесінің мәні).

Жүрек тәрбиесін қалыптастыруды негізінен ананың ішкі сезімі мен түйсік тәрбиесі ақылының құдіреті десек те болады. Ана құрсағында өсіп келе жатқан жан иесі, өзінің тоғыз ай торқада жататын мерзімінде, жарты миллиард жылдарға созылған тіршілік әлемінің әр сатысын басып, өтетіндігі ғаламда дәлелденген құбылыс. Баланың бір клеткадан өрби жетілетін тән құбылысындағы әрбір мүшенің қалыптасу жолы қандай күрделі болса, онан да бетер тылсымға толы жан дүниесін қалыптастыратын сан алуан түйсіктер мен ішкі сезімдердің санаға дейін өр-



кен алуының сипаты қиялға да сыймайды. Міне, осыншама күрделіліктің дұрыс жетілуін қамтамасыз ететін тек ананың құдіреті екенін ескерсек — жүрек тәрбиесінің мәні мен мазмұнының теңдессіз тереңдігін аңғарамыз. Сондықтан да, ата-бабамыз: «Алып та анадан туады», - деп ұрпағына ұлағатты сөз қалдырған.

Енді ғана қолға алып жатқан ұлттық педагогиканы әдетімізге салып,

Жалпылама пікірмен жайдақтап кетпей, қиынынан қиыстыра отырып, оның ғылыми негіздері мен жүйелерін қалыптастыруды ұлы мақсат етіп қоюымыздың мәні осында жатыр. Сондықтан жүрек тәрбиесіне үлкен мән беру керек.

Жұмыр жердің үстінде тіршілік ететін неше мыңдаған халық бар. Солардың барлығы да дерлік өздерінің тегін білуге, халықтың тектерінің қалыптасқан қуат-күштерін тануға ұмтылмайтындары жоқ. Өйткені, тегінің күш-қуатын білген халық қана өмірде кездесетін қиыншылықтардан жасқанбай теңдесі жоқ аса үлкен мақсаттарға қол соза алады. Исі қазақ жұртына белгілі Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» атты жыры көз алдымызға келеді.

Адам тәрбиесіндегі ең маңызды да,

аса күрделі құдіретті сыры, тікелей ұрпақ тазалығына байланысты екенін терең түсінген жандар ғана, келешекте саналы ұрпақ болады. Бесіктің ана мен балаға берер қасиеттеріне тоқталып көрейік. Егер ойымызды барынша топтастырып алатын болсақ:

- бесік — әмбебап сипаттаған тазалық;

- терең ұйқы;

- сәби үшін теңдесі жоқ микроклимат.

Міне, осы айтылған үш түрлі жағдай толық орындалатын болса, сөз жоқ, балалардың денсаулықтары жақсы, барлық дене мүшелері жұлын-жүйкелері де табиғи үндестікте жетілер еді.

Білім берудің ең негізгі кіндік мәселесі — адамды жан-жақты етіп тұлғаландыру мен жетілдіре өсіріп өркендету. Сондықтан бүгінгі педагогикалық білім берудің мақсаты мен мазмұны қазіргі заман талабына сай, жаңаша ұлттық тәрбие беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұлтымыздың өз уақытынан озып туған перзенті Шоқан Шыңғысұлы айтқандай:

«... Халықтың кемеліне келіп өркендеу үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек...» деген арманының орындалатындай сәті туған тәрізді.



Үш тұғырлы тіл — жарқын болашақтың кепілі



Жанар Сейтқұлқызы ШАКИМОВА,
Қарағанды технология және сервис колледжінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы.
Қарағанды қаласы.

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қас-терлі, қасиеті шексіз. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, дариды. Тіл байлығы — әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұрасы. Демек, әр адам ана тілін көзінің нұрындай қорғауға тиіс.

Тілдерді қолдану мен дамыту бүгінгі





танда мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне Қазақстан халықтары тілдерін дамытудың стратегиясы үш негізгі мақсатта: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызыметін кеңейту мен нығайту; орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау; этностық топтардың тілдерін дамыту бағытында жұмыстар атқарылуда.

Орыс тілін меңгеру біздің азаматтарымыз үшін шын мәнінде үлкен байлық, осы орайда бізде екі тілді ұрпақтың қалыптасуы көп ретте ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілік сапасын арттырады. Қостілділік дегеніміз — бұл тек екі тілде сөйлеу қабілеті ғана емес, сонымен бірге, бұл қос өркениеттің мәдени құндылықтарын сіңірген ерекше ойлау қабілеті болып табылады. Орыс тілі — біздің мәдениет байлығымыздың ажырамас бөлігі, әлемдік білімдердің қалың қатпарларын танудың, ұлтаралық қарым-қатынастың тілі.

Елбасымыздың Қазақстан Халқына Жолдауындағы «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы — дүние жүзіндегі алдыңғы қатардағы мемлекеттерге тән құбылыс. Дегенмен мемлекеттік тіл — өмірлік қажеттілік. Оны саяси саудаға, дау-дамайға айналдырудың қажеті жоқ. Мемлекеттік тіл әр адамға өзінің қайраткерлік мүмкіндігін кеңейту үшін қоғам, мемлекет ісінде өзін-өзі көрсете білу үшін ел тағдырында ықпалды тұлғаға айналуы үшін керек. Жаңа әлемдегі жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті жаңа Қазақстан тұғыры рухани құндылықтарға негізделген, бұл біздің мемлекетіміз ұстанып отырған саясатымыздың басты қағидасы. Рухани құндылықтың бастауы — тіл мәртебесін көтеру, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі — жаңа саясатқа кірудің басты кілті, деп елбасымыз айтқандай қазіргі таңда еліміз шетелдермен саяси-әлеуметтік

және мәдени қарым-қатынас жасауда. Осыған орай қазіргі заман мектебі де түбірлі өзгерістерді талап етіп отыр.

Оқушы өзін жан-жақты дамыған, шығармашылығы мол, өз бетінше іздене алатын тұлға ретінде көрсетуі тиіс. Сол себепті оқушы бірнеше тілді меңгеруге міндетті.

Орыс тілін оқыту үрдісінде пәнаралық байланыстың маңызы зор. Әсіресе, қазақ және ағылшын тілдерінің байланысы ерекше орын алады. Бұл тілдердің басты мақсаты-оқушыларының бойына қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру және қарым-қатынасты дамыту. Осыған орай оқушылардың бойына бағдарлама талаптарына сай іскерліктерді қалыптастыру. Орыс тілінің мұғалімі оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында уақытты үнемдейтін қызықты әдістерді пайдаланған жөн.

Үш тұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін анықтайды. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазір тіл үйренушілердің барлығы дерлік орыс тілін, қазақ тілін жақсы меңгерген. Сондықтан да тілдердің үштұғырлылығының бір ұшы мемлекеттік тіл — қазақ тілін меңгеру болғандықтан жұмыстың басым бөлігі қазақ тілін меңгеруге бағытталып отыр. Біздің негізгі мақсатымыз — Қазақстанда тұратын барша азаматтың қазақ тілін меңгеруі. Бұған барлығымыз да үлкен түсіністікпен қараймыз. Ағылшын тілін білу игілікті іс. Қазір атқарылып жатқан қызметтің барлығы Қазақстанның әр азаматы аудармашының көмегінсіз қарым-қатынас жасай алатындай дәрежеге жетсек деген ниет. Бұл бәріміздің де дәрежемізді арттырады.

Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда: «Тіл дегеніміз — қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры. Қазақ тілі... өткірлігімен, бой балқытып,



тамыр шымырлатып жан жүйенді жан-дырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді... қысыл таяң қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл».

Осы орайда өз іс-тәжірибемізде студенттердің интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор екенін айта кетсем артық болмас. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: Мысалы: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша. Студенттерді ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын

арттыруға негіз болды. Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест, т.б. түрлері студенттердің пәнге деген қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болды. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да студенттер қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды. Алда тұрған мақсатқа жету үшін талаптану да, тырысу да өз қолымызда. Көп болып қолға алынған іс әрқашан да жүйесін табады. Бір ауыз сөз көкке де көтереді, бір ауыз сөз жерге де кіргізеді. Алдымен қарым-қатынас тілінен бастасақ ештеңеден де ұтылмай ақпарат ағымында үш тілде сөйлей алатынымызға ешкімнің де шүбәсі болмайды. Игілікті істің ерте-кеші жоқ екенін ұмытпай, алдымен қазақ, кейін ағылшын тілін үйренсек құба-құп.



PISA халықаралық бағдарламасының рөлі – білім алушылардың білімдері мен біліктілігін бағалау



**Гулим Салимовна СИСЕНОВА,
№4 жалпы орта білім беретін мектеп директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары, информатика пәні мұғалімі.
Ақсай қаласы,
Бөрлі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**

PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдіс-

тері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады.





PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

PISA – (Programme for International Student Assessment) оқушылардың білімі мен біліктілігін бағалаудың халықаралық бағдарламасы.

PISA негізінде – бұл өмірде кездесетін ситуацияларды шешуге қатысты пәндік білімін, біліктілігін, дағдысын жинақтап көрсетуге бейімділігі. Бұл 15 жастағы оқушының құзырлылығының даму деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құрал. Бұл жаста көп елде мектептегі міндетті білім тәмамдалады. PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстанудан білім жетістіктерін анықтауды мақсат етіп қояды. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық. Зерттеу айналым бойынша (үш жылда бір рет) жүргізіледі. Әрбір айналымда функциялық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады. PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білу қабілеттерімен түсіндіріледі.

Жаратылыстану ғылыми сауатты-

лығы – тұлғаның негізгі жаратылыстану ғылыми таным әдістерін қолдана алу қабілеті, сұрақ құрылымына байланысты білімдерін қолдану және жетілдіру, жаратылыстану ғылыми құбылыстарды түсіндіру және ғылыми дәлелдерге негізделген қорытынды жасай алуы.

PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білу қабілеттерімен түсіндіріледі.

Жаратылыстану бағытындағы ғылыми сауаттылықтың ерекшеліктері:

- жаратылыстанудың негізгі ерекшеліктерін адами таным мен зерттеу формасы ретінде түсіну қабілеттілігі;

- жаратылыстану ғылымдары мен технологияның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаға әсер ететіндігі туралы білімді көрсету;

- мектепте алған білімді түрлі өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілеттігі, қойылған мәселелерді ғылыми әдістермен шешу, ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс жасай және оны сыни тұрғыдан бағалай алу;

- эксперимент тәжірибелер жасау, болжамдар келтіру және қолдайтын немесе жоққа шығаратын зерттеулер өткізу, айтылған көзқарасқа қарсы шығу немесе оны негіздеу.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылық – бұл ғылыми-жаратылыстану саласында әр түрлі өмірлік жағдаяттарды шешудегі жеке дәлелдемелерінің таңдауында адамның өз білімдерін пайдалану қабілеттілігі.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығының компоненттері – құбылысты ғылыми тұрғыдан негіздеп түсіндіріп, ғылыми зерттеуді талдау және жо-



балау, берген көрсеткіштерді ғылыми жорамалдауы.

Оқушылар бойындағы бейімділік пен талантын, танымдық, ізденушілік қабілеттерін зерттеу негізінде қазіргі заман талабына сай шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Ал, енді PISA тапсырмаларына келетін болсақ, тапсырмаларды зерделеп отырсаң, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып отыратын логикалық тест тапсырмалары ашық немесе жабық күйінде берілген.

Оқушылардың білімді игеруіне байланысты деңгейлік тапсырмалар берілген және олардың орындау қабілеттеріне қарай қойылатын талаптар деңгейлері де әр түрлі.

Жоғары деңгейге қойылатын талап: Бұл деңгейге жеткен оқушылар білімді қабылдауға және көрсетуге қабілетті, күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарды түсіндіре білуі, өсімдіктер, жануарлар, туралы кейбір түсініктері, заттардың қасиеттері мен физикалық құбылыстар туралы білімдері, Күн жүйесі мен Жер құрылысы, үрдістер мен құбылыстар туралы білімдері, зерттеуді жүргізуге байланысты бастапқы түсініктерінің болуы, кейбір жаратылыстану түсініктерін күнделікті өмірден алынған физикалық және биологиялық үрдістер туралы ақпараттармен байланысын түсіндіру қабілетінің болуы, қысқаша жауап құрастыруы тиіс.

Орта деңгейге қойылатын талап: Бұл деңгейге жеткен оқушылар білімді қабылдауға және көрсетуге қабілетті, жаратылыстануға байланысты тәжірибелік жағдайларды және негізгі ұғымдарды түсінуі, тірі ағзаларды сипаттауға және олардың қоршаған ортамен байланысын анықтауы, адам биологиясы мен оның денсаулығы туралы кейбір түсініктері, жалпыға танымал физикалық құбылыстар туралы кейбір түсініктері, күн жүйесі мен Жер

туралы негізгі дәлелдерді білуі, суреттерді түсіндіру және тәжірибелік жағдайларда білімін қолдану қабілетінің болуы тиіс.

Төмен деңгейге қойылатын талап: Бұл деңгейге жеткен оқушылар қарапайым білімді болады, адам денсаулығына және жануарлардың мінез-құлық және физикалық сипаттарына байланысты кейбір қарапайым фактілерді білу, заттардың кейбір қасиеттерін көрсете білу қабілеттерінің болуы, белгілері бар суреттерді, қарапайым диаграммаларды түсіндіру, қарапайым кестелерді толтыру қабілетінің болуы, нақты дәлелдерді қажет ететін сұрақтарға қысқаша жауаптар құрастыруы тиіс.

PISA есептерінің шарты: өмірден алынған қандай да бір ситуацияның жазбасы; не есептің шарты, не сұрақтың мазмұны нақты бір пәндік білімге сүйенбейді; есептің шарты тұлғалық тәжірибемен сәйкестендірілген – ашық; әрбір есеп немесе тапсырма өзіндік шешімді талап ететін қандай да бір ситуация болып табылады. Мемлекетімізді дамыған өркениетті елдер деңгейіне көтеру үшін болашақ ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты білімді, кәсіпкерлік ортаға бейімді етіп тәрбиелеу басты бағытымыз.

Сол себепті үш жылда бір рет болатын PISA халықаралық зерттеуіне мектебімізде жылдық жоспар құрыла отырып, уақытылы сынама тесттер өткізілуде. Үнемі пән мұғалімдері оқушылармен тығыз байланыс орнатып, қосымша дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Қорытындылай келе, біздің міндетіміз дүниежүзіндегі жаңалықтармен, жауапкершілік, ерік күш сезімдерін сіңіру, яғни олардың дамуына үлкен мән беру. Ал дамудың негізі – білімде.

Әрбір жеке тұлғаның болашағы мектепте шындалады. Ертең осы елге



ие болып тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар — бүгінгі мектеп оқушылары. Мемлекетімізді дамыған өркениетті елдер деңгейіне көтеру үшін болашақ ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты білімді, кәсіпкерлік ортаға бейімді етіп тәрбиелеу басты бағытымыз. Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді.

Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты — оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар тандап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.



Болон жүйесінің артықшылығы мен кемшілігі

«Заман талабына сай болуымыз керек» деген ұранмен мүйізі қарағайдай дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін біраз реформалар қабылданып, өзгерістер енгізілді. Осындай өзгерістерден білім жүйесі де тыс қалмады. 10 жыл бұрын еліміз, соның ішінде алғашқы болып Қазақстандағы білім берудің альма-матері Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті алғашқы боп еуропалық Болон жүйесіне көшті.

Болон жүйесі — еуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жүйе. Ол кредиттік оқыту жүйеге және тәуелсіздікке бағытталған. Яғни студентке бірнеше оқылуы керек пәндер ұсынылады, ал ол соның ішінен ұнайтын пәнді және мұғалімді тандау құқығына ие. Ол жүйе 1999 жылы 19 маусымда алғашқы еуропалық университеттің отаны - Болонья қаласының (Италия) құрметіне аталған Болондық декларациямен бекітілген. 2010 жылғы наурыз айында Қазақстан ресми түр-

де Болон декларациясына қосылып, еуропалық аймағының 47- мүшесі ретінде танылған алғашқы Орталық Азия мемлекеті болды. Қазіргі таңда 60-тан аса қазақстандық университеттер сол бойынша оқуда.

Болон декларациясының қағидасы бойынша мамандарды дайындаудың үштік моделі жүзеге асырылды: бакалавр — магистрант — PhD докторант. Сол арқылы студент тәжірибелік-шығармашылық дағдыларын дамытып, жоғары білім ала алады. Әрі академиялық ұтқырлық аясында ҚР БҒМ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің академиялық мобильділігі жүзеге асты. Қазақстандық университетте оқитын жастар уақытша ауысыммен еуропалық университеттерде оқып, тәжірибе алмасады. Шетелдік жүйемен оқуымыздың арқасында ЖОО дипломы Еуропа елдерінде мойындалады. Демек бұл жүйе студенттерге көптеген мүмкіндік ашуда.



Алайда оның келеңсіз тұстары да жетерлік. Болон үдерісі еуропалық стандарт болғандықтан, қазақы менталитетімізге ауыр соққы боп тиюде. Басқа елдермен салыстыратын болсақ, Ресей, Өзбекстан елдері ол жүйеге көшпес бұрын ұзақ ойға салып, өз дәстүрлі оқыту жүйесіне жанастыра отырып, өзгертіп алған. Ал біз ше? Біз дәл сол күйінде қабылдадық. Болон жүйесінде студент жеке оқитындықтан, көп пәндерде дәрістер алынып тасталды. Ол білім нәрін енді сіңіре бастаған жастарға қиын. Әсіресе болашақта адам саулығына жауап беретін медицина университетінің студенттерінде тәжірибеден бұрын, белгілі бір негіз болу керек. Әрі дәстүрлі білім беру жүйесінде 1 курста негізгі базалық пәндер, одан соң негізгі пәндер, 3 курста мамандығына сай тереңдетсе, 4 курста тәжірибеге ден қоятын. Ал Болон жүйесінде ондай біркелкілік сақталмаған. Мамандыққа қатысты пәндер 1 курста, ал 3 курста жалпы пән үйретіліп, реттілік ауысып жатады. Ал кей пән студенттің болашақ мамандығы үшін аса маңызды. Бірақ оны студент таңдамай, орнын басқа пәнмен алмастыратын болса, онда ол білікті маман бола алмауы мүмкін. Сол себепті жалпы шашыраңқылық пайда болған. Онымен қоса, кредиттік жүйемен оқу ақшаға келіп тіреледі. Әр пәннің кредиті 3-4 болса, бағасы 50-100 мыңнан да асып, студенттің қалтасы көтермей жатады.

Бірақ әңгіме тек бұл жайлы емес. «Жаңашылдық» деп жүріп, сапаға көңіл бөлінбей кеткен сияқты. Себебі оқытушылардың қағазбастылығын да тудырған да — осы. «Болон үдерісін бі-

лім берудің ең оңтайлы жолы» деп дәріптеп жүрміз. Бірақ оның сорақылығы — құжат толтыру, есеп беру істері, компьютерлік жүйелер. Сонда құжаты түзу, қағазы стандартқа сай оқытушы ғана білікті болып саналады. Студент білімі екінші орынға қалады.

Ал PhD-докторант атағын алу үшін бұрын-соңды белгілі бір жаңалық, ғылымға үлес қосу керек болса, қазір тым оңай. Белгілі газет-журналға ғылыми мақала жариялану керек. Әрі оған мақала жариялауда қомақты қаржыны талап ететіні сөзсіз. Сол себепті «доктор» атын сол «докторлық» әрекетке сай емес жандар да иеленіп, білім құндылығы төмендеді.

Болон жүйесінің артықшылығы мен кемшілігін саралай келе, өзгеден өнеге алып, оны қайталасақ та, өз ерекшеліктерімізге, жағдайымызға бейімдеп алу қажет. Жоғарыда айтылған мәселелер сонда шешімін табады. «Бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда» сапалы білімге ұмтылайық. Заман талабына сай жаңашылдық пен дәстүрлі білім беру тәсілін жанастыра алатын сапалы оқу орнынан білімді жастар шығатыны сөзсіз.

Бибижан РАХАТАЕВА,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің

«Жылуэнергетикасы»

білім беру бағдарламасының

1-курс магистранты.

Р.Н. ЖАРИМБЕТОВА,

Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-нің шет тілдер

кафедрасының аға оқытушысы.

Алматы қаласы.



Жалпы білім беретін мектептердің оқу-әдістемелік жұмысын инновациялық басқару жүйесі

Қазіргі уақытта оқу-әдістемелік жұмыстың сапасын қамтамасыз ету дегеніміз нәтижелі білім берудің мақсатына жетуге оқу-тәрбиелік тұрғыда ең қолайлы әдістемелік көмек беру болып табылады. Оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті — білім беру мақсатына жету болып табылады.

«Инновация» термині латын тілінен аударғанда (innove — жаңа) — жаңаны енгізу деген этимологиялық мағынаны білдіреді. Инновация - бұл жаңаны енгізу үрдісі болып табылады. Жаңашылдық — өн бойында жаңаның мазмұнын, технологияларын, әдістемесін, тәсілін, мәнін білдіруші құбылыс. Инновация терминінің тарихын қарастыратын болсақ, алғашқы атауы XIX ғасырда ғылыми еңбектерде қолданылғанын анықтаймыз. Алайда, инновация термині жаңа өмірін XX ғасырдағы австриялық ғалым Иосиф Шумпетердің «инновациялық комбинация» еңбегінде бастады.

Отандық ғалымдар Н.А. Асанов инновацияларды оқу үрдісін басқару аспектісінде қарастырса, А.К. Мынбаева, З.М. Садвақасова «Инновационные методы обучения» еңбегінде инновацияны оқытудың жаңа технологиялары аспектісінде қарастырды. В.М. Полонский инновацияны қолдану спецификасы мен орнына байланысты келесі түрлерге жіктеді:

Технологиялық инновациялар — өнімдерді дайындаудың жаңа түрі болып табылады;

Әдістемелік инновация — бұл оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыратын әдістемелік саласындағы инновациялар.

Бұл білім беру саласындағы кең тараған жаңалықтар түрлері;

Ұйымдастырушылық инновациялар — жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен жаңа формаларын игеру;

Басқарушылық инновациялар — белгіленген міндеттерді тезірек, сапалырақ шешу үшін қолданыстағы басқару жүйесінің элементтерін жаңа басқарудың құрылымдық және әдістемелік нұсқасына ауысым болып табылады.

Басқару келесі негізгі қызметтерді атқарады: жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, үйлесімдіру, қадағалау, ескеру. Басқару комплексті жүзеге асырылады. Басқару үрдісін функционалды, технологиялық, ұйымдастырушылық деп талдау қасиеттеріне жіктеуге болады. Оқу-әдістемелік жұмыс адамның әлеуметтену парадигмасын қалыптастырады. Сол себепті, қоғам талабына қажетті адам моделін құрастыру оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті болып табылады. Оқу-әдістемелік материалдарға:

- Көрнекі құралдар және үлестірме материалдарын сабаққа дайындау;

- Оқу-әдістемелік құралдар дайындау;

- Ашық сабақтар өткізу;

- Сабақта белсенді оқыту әдістерін қолдану;

- Факультативтік сабақтар жүргізу және т.б.

К.С. Құдайбергенова «Құзырлықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері» еңбегінде «құзырлық», «құзырлық» ұғымының мазмұны педагогика-



лық еңбектерде – қызмет тәсілдерін пайдаланудың дайындық бірлігі, тұлға қасиеті, білім беру үрдісінің соңғы нәтижесі тұлғаның мәдениетке, қоғамға, әлемге, өзіне және басқа адамдарға қатысты атқаратын қызметтері мен іс-әрекеттеріне байланысты білімдік деңгейіндегі құзыр түрлері, кәсіби білімге қатысты іс-әрекет теориясының негізінде кәсіби құзырлық феномені негізінде ашылады.

Х.Е. Майхнердің педагогикалық тәжірибелік мәліметтері олардың оқу процесінде басымдылығын көрсетеді. Оқушылар есінде сақтайды:

- 10% оқығандарын, 20% естігендерін, 30% көргендерін, 50% естігендерін және көргендерін.

- Сонымен қатар ақпаратты белсенді қабылдауда, олар өздерінің айтқандарының 80% естерінде сақтайды, өздерінің істегендерінің 90% естерінде сақтайды. Оқытудың белсенді әдістері болмысы жағынан интерактивті болып табылады, (ағылш. Interaction – қарқынды түрдегі қарым-қатынас), бұл әсер ету әдісінен, мұғалім мен оқушылар арасындағы әрекеттесу әдісі. С.Д. Резник пен В.М. Филипов оқу-әдістемелік жұмысындағы инновация тікелей оқу үрдісінің сапасын көтеруге әсер ететінін айқындады. Оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижесін мониторингілеу бағыты бойынша инновацияларды басқару әдістеріне модельдеу, диагностика жүргізу, автоматизациялау және тағы да басқа әдістер қолданылады.

Б.Г. Ананьевтің психологиялық зерттеу әдістері жіктемесі бойынша ұйымдастырушы әдістер, эмпирикалық әдістер, мәліметтерді өңдеу әдістері, түсіндіру әдістері болып бөлінеді. Оқу-әдістемелік жобалаудың екінші процедурасы жоба алды талдау жүргізу болып табылады. Инновациялық жобаны алдын ала талдау SWOT ана-

лиз үрдісі арқылы жүргізіледі. SWOT анализ үрдісі инновациялық жобаның әлсіз және күшті жақтарын, тәуекелділіктері мен потенциалдарын анықтауға және осының негізінде жүзеге асыру міндеттерін белгілеуге және ресурстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады. SWOT анализ үрдісі инновациялық жобаны қолдану тиімділігін анықтауға зор көмегін тигізеді. Инновацияларды жобалау технологиясының үшінші процедурасы желілік басқару дағдыларын меңгеру технологиясы болып табылады. Мектеп мұғалімінің педагогикалық қызмет құрылымында оқу-әдістемелік қызметі басымдылық көрсетеді. Әдістемелік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін мектеп әдіскерлері өз қызметінде әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды ескеруі қажет. Өйткені бұл қағидалар жетістіктерге жиі жетумен қатар, кемшіліктерді болдырмауға септігін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Асанов Н.А., Вышенский В. В. Научно-методические основы планирования и организации учебного процесса в вузе для заочной формы обучения: для преподавателей вузов. КазНУ- Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 32 с.
2. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения. – Алматы.: ИП Волкова, 2009- 341 б.
3. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. – М.: Педагогика, 1982. – 159 с.

Анар Дөнесбайқызы КҮРЛЕН,
№170 орта мектеп директорының оқу
ісі жөніндегі орынбасары.
Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.



Математиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолдану

Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өзгерістер білім жүйесіне әсерін тигізбей қоймайды. Демек, әлемдік деңгейдегі білім берудің парадигмасы өзгерсе, бізге де ықпалы тиеді.

Қазіргі таңда білім беруде ең бастысы: нәтижеге ие болу, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып табылады. Яғни, бір сөзбен айтқанда жеке тұлғаны дамытуға бағытталған.

Мұндағы менің мақсатым интерактивті оқыту арқылы оқушыларға тек ақпаратты беру ғана емес, оларға жауаптарды өз бетінше табу, іздену дағдысын үйрету.

Интерактивті оқыту дегеніміз — оқушылар мен мұғалім түсіністік қарым-қатынаста өзара білімдерімен, тәжірибелерімен алмасу және талдау жұмысы.

Интерактивті оқытудың негізгі әдістері: кейс-стади; іскерлік, рөлдік ойындар; тестілеу; топтық дискуссия әдісі; миға шабуыл әдісі; тренинг, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, сын тұрғысынан ойлау әдісі, зерттеулер, «инсерт» әдісі, сахналау, дебат және т.б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдар: такта, кітаптар, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.б. құралдар жатады.

Тәжірибемде интерактивті әдістерді қолдануда: математика сабағында мен сөйлете алмаған белсенділігі төмен «үнсіз оқушының» өзі басқа балалардың ықпалымен жұрт алдына шығып, өз ойын айта білуге үйренді. Оқушылар сабақта «қалай оқу керектігін үйренуді»

меңгерді және дағдыланды. Яғни метатаным пайда болады. Топтық жұмыс және жұптық жұмыс арқылы оқушылар өздері өз ойларын қорытты, нәтижеге жетуге ұмтылды. Блум таксономиясы негізінде құрылған сұрақтарға толық жауап беретін деңгейге жетті. Жаңа сабақты өз беттерімен тез меңгере алды. Осыдан байқағаным топ оқушылары сәтті де, табысты орындалған жұмыстың «өзіндік тиімділігін» арттырып, бірлескен оқу өзіндік орнын қалыптастырды. Топта бірлесе жұмыс жасау мен топтық таныстырылым ұсынған кезде өткізілген сабақтарым оқушыларымның білімге деген қызығушылық қабілеттерін арттырып, шығармашыл, ізденгіш, біреудің пікірін сыйлай білетін, құнды пікір айта алатын, көпшіл тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік берді. Бұрын сабақты өте жақсы оқитын бала ғана дарынды болып есептелсе, енді кез-келген баланың бойынан ерекше қабілетті көре білуге, соны әрі қарай дамытуды үйрендім. Тіпті оқушыларымның ішінен әр түрлі мамандық иесін анықтап, ол оқушыларға дарындылық қабілетін әрі қарай шындайтындай тапсырмалар беріп, әр сабақ сайын балалардың ерекшеліктерін ескере отыруға мүмкіндік берді.

Оқушылармен талқылау кезінде олардың мен, яғни, мұғалім тапсырған жұмыс туралы пікірін жиі талқылауға тырысатынын байқадым. Олар жалпы «Бұндай бағалаумен келіспеймін» дейді, себебі өзінің сабақта қандай жұмыс істегенін біледі. Олар теріс пікірге қарсы шыға алады және меніңше олар өздері істеген жұмыстың құндылығы туралы ашық диалог жүргізу қабілетіне ие болды.



Интерактивті негізде оқытуда маңыздысы білу емес, үйрене білу.

Көбінесе «біз қолымызбен істегеннің 80 пайызын, оқығанымыздың 20 пайызын, естігеніміздің 10 пайызын ғана есте сақтаймыз» деген қорытындыларды жиі естиміз. Немесе мына мысал: атқа шабу дағдысын меңгеру үшін, оны қалай жасау керектігін біреудің түсіндіргені немесе оны кітаптан оқып алу жеткіліксіз. Ол үшін шындығында атқа мініп барып, дағдыларды меңгерген абзал. Бұлай болатын себебі, біз білгенімізді қайта өңдеп, білім-білік дағдыларын қалыптастырып, оны әрекетке айналдырамыз.

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың төрт түрлі бағыты бар екенін бәріміз білеміз:

- Оқушыға жеке өздігінен ізденуге мүмкіндік беру;
- Оқушыларға топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау;
- Ізденушінің өздерін-өздеріне немесе өзара бағалату;
- Іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу.

«Жағада тұрып жүзуді үйренуге болмайтыны сияқты» дайын білімді қабылдап алу арқылы қажетті икем-дағдыларды дамыту мүмкін емес. Сондықтан оқушылардың арнайы іс-әрекет барысында икем-дағдыларды меңгеруі маңызды рөл атқарады. Ол үшін оқыту білімді оқушылардың өздігінен оқып-үйренуге бағытталуы керек.

Математика сабағында интерактивті оқыту әдістерінің барлық түрін бірден қолдану, әрине мүмкін емес. Математика сабағында көбінесе келесі түрлері: миға шабуыл, тестілеу, топтық және жұптық жұмыстар, инсерт әдістері қолданылады. Мысалы: математика сабағында 9-сынып оқушыларымен «би-квадрат теңдеулерді шешу» тақырыбын өткен кезде зерттеушілік ұжымдық жұмыс түріне жататын «фишбоун» әдісін қолдандым. Бұл әдісте балық

скелетінің бас сүйегіне зерттелетін тақырып жазылады. Тақырыпты зерттеу тұтас ұжымға тапсырылады. Тақырыпты оқып, оны түсіну үшін, алдымен жасайтын әр бір қадамдарын анықтап шығады. Жасалған қадамдар нақты, себептер мен шешілмей жатқан салдарды анықтауға бағытталуы керектігі ескертіледі. Себептер мен салдар балықтың сүйектеріне карама-қарсы орналастырылады. Ең соңында зерттеудің дұрыс шешімі балықтың құйрығына жазылады.

Әр ұстаз өз бетінше оқушылармен жұмыстың жаңа тәсілдерін ойлап таба алады. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданамын. Сонымен бірге, өз тәжірибемде үй тапсырмасы ретінде оқушыларға жаңа тақырып бойынша тест сұрақтарын құрастыруды тапсырамын.

Біз, әрине, оқушылардың қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін сөйлей алатын, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлық танытатын, ойлау деңгейі дамыған, механикалық есте сақтаумен шектеліп қалмаған, алған білімдерін өмірде кез келген жағдайда пайдалана алатын оқушы ретінде қалыптасуына жол көрсетуіміз қажет.

Осы күнге дейін, әрине, тәжірибем аз болса да, өзімнің және оқушылардың бойында интерактивті оқытуға көшкен кезде өзгерістер пайда болды: сабақты жаңашыл түрде жоспарлау; оқушылардың жаңашыл болуы; оқушылар ретімен кезектесіп сөйлесуі, бірін-бірі сыйлай және тыңдай білуі; баға үшін емес, ой даму үшін оқи бастауы, бірақ әлі толық өзгеріске енген жоқпыз, себебі жаңашыл бағалауды да енді үйреніп келеміз; сабақ барысында жаңа әдіс-тәсілдерді қосуға мүмкіндік беруі; өз сабағыма өзім баға беруім



және кемшілігімді түзеуім, жаңа жол іздеп, жаңаша талқылауға үйрену. Математика сабағында интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, мынандай нәтижелерге қол жеткізуге болатынына көзім жетті:

1. Уақыт үнемделеді;
2. Сабақтың сапасы артады;
3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік жасалады;
4. Оқушылардың белсенділігі мен қызығуларын арттырады, осыдан оқу үлгерімі көтеріледі.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Жас ұрпақ — біздің ертеңгі болашағымыз. Кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау

әдістерін меңгерген, заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйретуші, бағыт-бағдар беруші адам болуы шарт.

Әдебиеттер:

1. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару». - Алматы, 2014;
2. «Қазақстан мектебі» журналы. №8, 2004;
3. «Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру міндет», Қазақстан мектебі, 2005.

**Гульнар Нурлыбековна
КАСЫМОВА,
Петропавл қаласындағы
Химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
математика пәні мұғалімі.
Петропавл қаласы,
Солтүстік Қазақстан облысы**



Оқушылардың практикалық білігі мен дағдыларын арттырудың бірден бір құралы – математикалық қосымша дәптер

Бүгінде жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми-педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге қол жеткен табыстарды саралай отырып, оқыту мен практиканы ұйымдастыру көкейкесті мәселе болып отыр. Өйткені, оқушы теориялық алған білімін өмірде қолдана білуге, проблеманы шешуге және мектеп бағдарламасынан алған білімін жетілдіре білгені дұрыс.

Практикалық білігі мен дағдыларын арттырудың бірден бір құралы — математикалық қосымша дәптер. Бұл дәптердің мақсаты — оқушылардың алған білімде-

рін шындай түсуге, тақырыпты меңгерген білігі мен дағдыларын қалыптастыру және ең басты білім деңгейін анықтау.

Қосымша дәптердегі материалдар оқулықпен сәйкестендіріле жазылу керек. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты бойынша білім алушыларға берілетін тапсырмалар бағдарламаларға сай болуы, білім стандартына сай әр пәннің бағдарламада берілген оқу мақсаттары бар. Оқу мақсаттарына сүйене отырып, қосымша дәптердегі тапсырмалар құрастырылуы тиіс.

Дәптердегі материалдар оқулыққа сай 4 бөлімнен құрастырылып, әр бөлімде



камтылған тақырыптар мен мақсаттар бір-бірімен тығыз байланыста жазылып, оқушының жас ерекшелігіне мән берілген дұрыс. Және әр тапсырманы саралап беру — әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес қолдану, оқушыларды оқуға ынталандыруға және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға көмегі тиеді.

Қосымша дәптерде тапсырмаларға нұсқауы немесе түсіндірмесі басшылыққа алынады. Математика дәптерлеріндегі көпшілік тапсырмалар әр оқушының жұмыс қарқынына қарай іріктеліп алынады. Оқушылар орындайтын тапсырмалардың көлемі әр түрлі болуы мүмкін. Ол математика пәнін меңгеруге ешқандай кедергі жасамайды. Керісінше алған білімін жетілдіре түседі.

Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныпқа арналған математика оқулығын алатын болсақ, оқулық 4 бөлімнен тұрады. Әр бөлімде, төмендегідей тақырыптар қамтылған: 1-тоқсан 1А бөлімі «Көп таңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау» 1В бөлімі «Бір таңбалы санға көбейту және бөлу», 1С бөлімі «Жылдамдық. Уақыт. Қашықтық», 1D бөлімі «Геометриялық фигуралар» 2-тоқсан 2А бөлімі «Көбейту және бөлу», 2В бөлімі «Есеп шығару» 3-тоқсан 3А бөлімі «Қозғалысқа, түсімділікке берген есептер», 3В «Бөлшектер және пайыздар. Есептер», 3С «Шеңбер және дөңгелек» 4-тоқсан 4А «Тендеу және теңсіздік. Өрнек», 4В «Есептер», 4С «Үшбұрыш. Симметрия».

Жоғарыда көрсетілген тақырыптарды қамти отырып, тапсырмалар жоғары, орта, төменгі деңгейге арналғаны дұрыс. Өйткені, оқушылар ұсынылған тапсырмаларды стандартқа сай міндетті деңгейдегі тапсырманы орындайтын болса, оқушы мақсатқа жетті деген сөз. Ал мақсатқа жету, бұл теориялық білімін практикада жеке жұмыс жасау арқылы нәтижеге жеткенін көрсетеді. Ал мүмкіндік деңгейіндегі тапсырманы орындаған оқушы болса, жоғары деңгейдегі тапсырманы орындай

алғаны. Мүмкіндік деңгейді орындаған оқушының математика пәніне деген қызығушылығының артып, проблеманы шешу дағдысының қалыптасуы және өз ойын жинақтай алуына мүмкіндік береді. Оқулықтан тыс материалдармен жұмыс жасаған өте тиімді болады. Оқушы өз деңгейін бағалауына ықпал жасайды. Әрбір орындалған тапсырмаға керібайланыс беру арқылы, өзін бағалау, өзінің қаншалықты өткен тақырыпты меңгергеніне рефлексия жасайды.

Кез келген теория мен практика бір-бірімен тығыз байланыста болу керек. Және бір ғана нұсқамен шектеліп қалмай, бірнеше нұсқалармен жұмыс жасау оқушының пәнге деген, оның ішінде математикаға қызығушылығын арттырады. Математика саласындағы есептер өмірге келгеннен бастап әр адам баласына өмір сүруге қажетті дағдыны қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, көбейту мен бөлу кез келген тұрмыстық жағдайда қажет, қозғалысқа арналған есептер адамның уақытын үнемдеуге, пайыздар кез келген ұғымды салыстыруға, симметрия, бұрыштар, т.б. адам өмірінде күнделікті тіршілікте кездесетін есептеулер деуге болады. Сондықтан математика пәнін оқыту барысында, мұғалім оқушыға өмірмен салыстыра түсіндіріп отырса, математика пәніне қызығушылық артады. Оқушының тақырыпты меңгеруі тек ауызша емес, практика жүзінде байқалады.

Сондықтан, қорытындылай келе математикаға арналған қосымша дәптерлер тек оқушыға емес, мұғалімге де көп көмегін тигізеді шексіз. Өйткені, мұғалім оқушының алған білімі қай деңгейде екенін анықтауға мүмкіндік береді. Және кездескен кедергілерді шешуге де ықпалын тигізеді.

Н.А. КАНИЕВА,

Г.Д. ЖАКУПОВА,

№64 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімдері.

Нұр-Сұлтан қаласы.



Бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлауын қалыптастыру технологиялары

Креатив — мәселені шешудің стандартты емес тәсілдеріне бейім, соны әрі стереотипті емес әрекеттерге, жаңалық ашуға, бірегей өнімдерді жасауға қабілетті шығармашыл адам. *Креативтілік* — ағылшынның «creativity» сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді. Креативтілік — (латынша creatio) — жасау, адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті.

А.И. Субетто адам шығармашылығы заңдылықтарын зерттейтін «креатология» ұғымын енгізді. Шетелдік психологияда «креативтік» термині индивидтің жаңа түсініктер қалыптастырып, жаңа дағдыны меңгеруге қабілеті мағынасында қолданылады. *Креативтілік* — дәстүрлі ойлау аясынан шығып, жаңа идеялар ұсыну, проблемалық жағдайда қабылдау. Шығармашылық-әлеуметтік себеп-шарттан туындайтын

қызмет. Шығармашылықтан адамның көптеген психикалық сапалары ашылады, жеке адамның ішкі мазмұны көрініс береді. Шығармашылықтық процесс кезінде адамның психикалық әрекеті барынша жоғары деңгейде өтеді. Бұл жеке адамның интеллектуалдық, эмоциялық, еріктік күшіне жатады.

Шығармашылық — ең алдымен, қажырлы да азабы мол еңбек және сонымен бірге адамның барлық дене және рухани күшін барынша жұмсауды қажет ететін шабытты еңбек болып табылады. Шынайы шығармашылық әрқашан да қоғам үшін пайдалы да мәнді нәтиже береді. Шығармашылық адам бойындағы қабілеттерді дамытып, олардың өшуіне жол бермеуге адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына жол ашады. Олай болса «креативтілік» ұғымын зерттеген ғалымдардың анықтамаларына тоқталсақ.

№	Автордың аты-жөні	Анықтамалары
1	Р. Холлменн	Креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны.
2	Ф. Баррон	Креативтілік жаңа мәселелерді алға қою немесе шешу жағдайында бірегей идеяларды тудыру қабілеті.
3	Е. Торренст	Креативтілік — бұл арнайы емес, өнімді ойлау, зиятқа, жеке сипаттарға жүгінетін жалпы қабілет деп түсіндіреді. Ол шығармашылық үдерісті мәселені қабылдау, шешім қабылдау, болжамды құру, түрлендіру, шешімін табумен сипатталады
4	Гилфорд	Креативтілік — бұл дивергентті ойлау үдерісі» деген анықтамасын да жатқызуға болады); 6) алтыншы түріне жоғарыда келтірілгендерге түспеген — әр түрлі, оның ішінде көмескілері де бар (мысалы, «жалпы адамдық білім қорына қосу») анықтамалар кіреді.



5	В.Н. Дружинин	Креативтілік бұл қабілет, ал қабілет — өмірлік әрекет барысында дамитын қасиет және креативтілік — көлемі тұрақты емес, «белсенді креативтілік» калпында пайда болады. Креативтілікке «мағыналы бір нәрсеге, жаңаға жету... басқаша айтқанда мұны адамдар әлемді өзгерту үшін жасайды.
6	Л.А.Тейлор	Креативтілікті бірегей фактор ретінде емес, әрқайсысы әр түрлі дәрежеде көрінуі мүмкін әр түрлі қабілеттер жиынтығы ретінде қарастырылады.
7	Б.А. Оспанова	Креативтілік — әдеттегі болмайтын жағдайларды түсіну мен мәнін ұғыну дәрежесіне, дереккөздерді таңдауы мен мотивтер деңгейіне, өз әлеуетін қосуы мен жүзеге асыру жолдарына тәуелді кез келген әрекетте оның жүзеге асуын қамтамасыз етуші өзіндік дара стилі, интегративті көрінісі.
8	А.В. Брушлинский	Креативтілік — танымдық үдерістің маңызды бөлігі.

Шығармашылық — бүкіл адамзат болмысының маңызды сапаларының бірі. Ол жаңалыққа жетудің және ізденудің, іс-әрекет әдістерінің қайталанбас нәтижелерімен сипатталады. Шығармашылық әрқашан қайталанбайтын болып табылады. Адамды шығармашылық ойлауға үйрету оңай емес. Баланы жас кезінен қиялдауға, ойлануға дағдыландыру қажет. Ол үшін бірнеше маңызды ережелерді есте ұстаған жөн:

- Адам өз өмірін ойлары мен идеялары арқылы өзгерте алады;
- Адамның жетістігі шектеусіз, ой-дан ой туындайды;
- Адам бәрін жасай алады! Ойлаған және сенетін нәрсесіне қол жеткізе алады;
- Қиял кез келген фактілер мен дәлелдерден гөрі маңызды әлемді басқарады.

Шығармашылық адамның бақылағыштық қабілетін, қиялын, фантазиясын дамытады» — дейді. К.С. Станиславский шығармашылық жұмысының пайда болуы барысындағы жеке тұлғаның рухани күштері мен жоғары саналығының бірігуі екенін анықтайды.

Шығармашылық даралықтың белгілі бір қасиеттері бар. Осы орайда британдық психолог Эдвард де Боно шығармашылық ойлауды дамыту принциптерін ұсынды:

- *Бірінші* мәселені шешуге қажетті жағдайларды анықтау керек;
- *Екінші* мәселені шешу тәсілдерін талдау;
- *Үшінші* қолданылу жолдарын таңдау;
- Бірнеше идея алыңыз және біреуін жасаңыз;
- Ең бастысы мәселені қалай оңай шешуге болатындығы туралы ойланңыз.

Р.І. Қадырбаева «Креативтілік жеке тұлғаның бағыттылығынан (танымдық мотивацияның басым болуы, танымдық қызығушылық, танып-білуге ұмтылу, білімқұмарлық және т.б.); қабілеттерінен (стереотиптерді жеңе білу, проблеманы сезіну, ой жүйріктігі мен алғырлығы және т.б.) танылатын, оның интегралды сапасы ретінде қарастырылады.

Оқу-тәрбие үрдісінде «шығармашылық» термині интеллект, қабілет, даму,



дарындылық сияқты терминдермен тығыз байланысты. Оқушының жетістігін мадақтап, көтермелеп, мұғалім тарапынан құптаушылық көзқарастың болуы баланың еркін билеп, сенімін ұялатады. Педагог оқушының шығармашылығын тежейтін үрей, қорқыныш сезімін, өзіне риза болмаушылық сезімін, жалқаулықтың алдын алуы керек. Оқу-танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймай, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ильин, Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности /

Е.П. Ильин. — СПб.: Питер, 2011. — 433 с.

2. Степаненко, Н.А. Технология развития креативного потенциала будущего учителя в творческой учебно-профессиональной деятельности / Н.А. Степаненко. — Орск: Изд-во Орского гум.-техн. ин-та (фил. ОГУ), 2014. — 155 с.

3. Булатбаева А.Ә., Шошабаева С.Е. Креативтілікті қалыптастыру мәселелері. Педагогика және психология - 2014, №19

Гаухар Темирлановна КАЗАХОВА,
№60 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.



Дистанционное обучение

Дистанционное обучение — это одна из инновационных технологий образовательного процесса. Основопологающей чертой этого метода является взаимодействие между собой преподавателя и учащихся на расстоянии, включающее в себя все присущие учебному процессу компоненты и реализуемое техническими средствами сети Интернет или другими средствами, предполагающими определенную интерактивность. Благодаря значительному росту распространения такого метода, отличающийся высокой скоростью передачи данных и надежностью, можно утверждать, что дистанционное обучение во многом способствует модернизации всех видов традиционного образования, начиная с начальных классов обычных школ и заканчивая послеузовскими программами повышения квалификации.

В недалеком прошлом дистанцион-

ное обучение активно использовалось по вынужденным причинам:

- дети с ограниченными возможностями;

- профессиональные спортсмены в связи с длительным отсутствием.

В данный момент обучение через интернет стало более востребованным по следующим причинам:

- желание получить образование в учебном заведении, значительно удаленном от ученика;

- получение дополнительного образования;

- одаренные дети, нуждающиеся в индивидуальном темпе учебной деятельности, готовые к значительным объемам информации;

- дети из религиозных семей и общин, которые ограничены в посещении школ, которые воспринимаются не как должный институт социализации.

Расширение причин, по которым вы-



бирается ДО, говорит о том, что данная обучающая форма становится достаточно актуальной и занимает огромную роль в модернизации образования.

В Казахстане официальная дата развития ДО — декабрь 2020 г. Ранее в казахстанском законодательстве формулировки «дистанционное обучение» не существовало.

На сегодняшний день одним из самых распространенных программ для ДО является платформа Zoom. Разработанная компанией Zoom Video Communications, она служит для организации видеоконференций и предоставляет сервис видеотелефонии, который позволяет подключать одновременно до 100 устройств бесплатно, с 40-минутным ограничением для бесплатных аккаунтов.

Однако развитие и рост распространения дистанционной технологии образовательного процесса позволяет расширить кругозор таких платформ.

Я хотела привести несколько актуальных примеров программ.

1. Discord — приложение с поддержкой VoIP, видеоконференций. Разработчиком компании является Hammer & Chisel из Сан-Франциско [5]. Настольное клиентское приложение реализовано для Windows, macOS и Linux, мобильное приложение — для Android и iOS, также существует веб-клиент.

2. Google Hangouts — это программное обеспечение для мгновенного обмена сообщениями и видеоконференций, разработанное компанией Google. Она представляет собой сразу три системы для мгновенного обмена сообщениями.

3. Microsoft Teams — корпоративная платформа, объединяющая в рабочем пространстве чат, встречи, заметки и вложения. Разработана компанией Microsoft. Также, как и Zoom, Microsoft Teams нацелен в первую очередь на ведение бизнес-проектов, тем не менее ничего не мешает использовать его для занятий. Главным преимуществом

Microsoft Teams является интеграция сервисов компании: Office, Power Point, Excel. Прямо в чате можно применять форматирование, менять шрифт и строить таблицы. В видеоконференции объединять до 250 человек. В приложении можно не только настроить взаимодействие участников, а также активировать виртуальную доску.

Таким образом, несмотря на существующие негативные факторы для дистанционного обучения, которые не позволяют в полной мере использовать данный вид, глобальная сеть позволяет нам выбрать наиболее подходящий. И с помощью которых обеспечиваются высокие результаты обучения за счет повышения мотивации и познавательной активности студентов, делая её личностно ориентированной и мобильной, а следовательно, перспективной.

Список использованной литературы:

1. Пономарева М.Г. Интерактивное дистанционное обучение: недостатки и преимущества // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по матер. XXI междунар. науч.-практ. конф. Часть I. — Новосибирск: СибАК, 2012.

2. <https://liter.kz/v-kazahstane-oficzialno-poyavilos-distanczionnoe-obrazovanie/>

3. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Zoom_\(%D0%BF%D1%80%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%B0\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Zoom_(%D0%BF%D1%80%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%B0))

4. https://ru.wikipedia.org/wiki/Microsoft_Teams https://ru.wikipedia.org/wiki/Google_Hangouts

Айнагуль Балтаевна ИСКАКОВА,
преподаватель информатики ГKKП
«Алматинский
областной колледж инновационных
технологий
в сфере сервиса и питания»
г. Алматы.



Любимые произведения

Цели:

1. Образовательная: научить детей слушать и осмысливать произведения разных эпох, стран и жанров;
2. Воспитательная: воспитать любовь к музыкальному искусству.

Задачи:

1. Изучение домбровой, фортепианной музыки;
2. Вызвать интерес к игре на музыкальных инструментах.

Ход мероприятия.

Учитель: У каждого человека есть свои любимые мелодии, произведения и инструменты. Расскажите о них.

Ученики называют любимые инструменты, песни и произведения.

Учитель: Рубрика «Что я знаю о музыке моего народа?»

Играй свой кюй, домбра, играй
Напев чудесный разливай,
Журчи как горные ручьи,
На сердце радость напевай.
Чтоб весь туман в горах исчез,
Чтоб тучи все сошли с небес,
Чтоб всё заслушалось тебя,
Твои напевы полюбя,
Ещё сильнее домбра играй!

И. Джансугуров

Учитель: Прекрасная домбра звучала в глубокой древности, звучит она и теперь. Домбровые кюи — это вершина инструментального музыкального искусства. Музыка несла знания о человеке и о природе.

Учитель: Домбровые кюи переходили из одного поколения в другое.

Через века и тысячелетия домбра

пронесла память первых страницах истории кочевников, временах, когда и сам инструмент и музыка ещё были включены в древние культовые действия и обряды.

Домбровые кюи отразили многие исторические события. И делятся на 2 стиля: токпе (Западный Казахстан) и шертпе (Восточный, Центральный, Южный Казахстан)

Не было раньше ни одной юрты, в которой бы не висела домбра. О чём только не повествует её голос. Она рассказывает легенды — кюи, то радует своей музыкой на праздниках — тоях. И, сегодня, мы будем говорить о музыке крупнейшего кюйши Курмангазы Сагырбайулы.

Слайды: Портрет композитора Курмангазы и живопись художника Кастеева А.

Учитель: Будучи совсем юным мальчиком, он серьёзно занимался игрой на домбре и очень хорошо её освоил. В своей жизни Курмангазы много странствовал. И, всё, что он видел, всё, что с ним происходило, он рассказывал музыкой своей домбры. Так появились кюи: «Адай» (о гостеприимных добрых людях рода Адай), «Қайран шешем» (этот кюй Курмангазы посвятил своей матери), «Кызыл кайын» (кюй о берёзе, приютившей и укрывшей от погоны), «Сарыарка» (о «Золотой степи»).

За всю жизнь Курмангазы сочинил более 80 кюев.

Прослушивание кюя Курмангазы «Сарыарка» («Золотая степь»).

Ученики рассказывают о музыке (ра-



достная, светлая, энергичная, солнечная, рисующая картину степи и скачущих лошадей).

Учитель: Рубрика «Этот музыкальный язык мне запомнился больше других».

Ученик исполняет и рассказывает.

П.И. Чайковский «Неаполитанская песенка».

П.И. Чайковский (1840-1893 гг) — русский композитор. «Я желал бы всеми силами души, чтобы музыка моя распространялась, чтобы увеличилось число людей, любящих её, находящихся в ней утешение и подпору». Родился в Уральском городе Водкинске, где работал отец — горный инженер. С раннего детства не мог слушать музыку без волнения. Получил образование в консерватории в г. Петербурге. Первый русский композитор, получивший европейское и мировое признание. Сочинил музыку к балетам «Щелкунчик», «Лебединое озеро», «Спящая красавица». Сочинил много музыки для детей. Детский альбом для фортепиано и цикл пьес «Времена года». А также симфонии и оперы. Любил путешествовать, Италию и итальянскую народную музыку. Шумная праздничная стихия итальянских городов оживает в его произведениях.

Слайды: Портрет музыканта, фотографии из произведений, картины итальянских мастеров.

Учитель: Интеллектуальная рубрика.

Ученики: Работа с карточками, кроссвордами и ребусами.

Учитель: Исполняет и рассказывает о своём любимом музыкальном произведении — Г.Г. Гендель «Пассакалья».

Музыка часто вызывает в нашем во-

ображении разные картины природы. Природа и искусство не делимы. Художники, поэты, композиторы часто воспевают природу родного края и чужих стран. У любого человека любовь к искусству и природе — очень близкие родственные чувства.

Музыка Георга Генделя — Великого немецкого композитора очень близка к природе и передаёт музыкальные пейзажи и настроения.

Г. Гендель (1685-1759 гг) сочинял музыку для опер, хоровую музыку, оратории, инструментальную музыку для скрипки и органа, стремился к воплощению в музыке идей героического подвига — освобождение народов.

Лирические и драматические настроения передаёт «Пассакалья» из сюиты. Это чередование («ряд») музыкальных пьес: прелюдий, жиги, сарабанды, полонезов, чаканы, ригодоны.

Понять разнообразие и глубину настроения музыки помогут пейзажи.

Слайды: фотографии и картины художников — пейзажи природы.

Учитель: Подведение итогов урока.

Произведения разных видов искусства перекликаются по своим темам, так как рассказывают о жизни, о чувствах, о природе. Появляются они независимо друг от друга и дополняют, обогащают наши представления, выражают сходные настроения и чувства, присущие людям и авторам!

Любите и изучайте Великое искусство музыки!

Тамара Васильевна БАТЮТА,
учитель фортепиано и музыки

СШ №43

г. Нур-Султан.




Пифагор сандарының жалпы формуласы бар ма?

Осы сұрақ геометрия пәнінде «Пифагор теоремасы» тақырыбы алғаш өте бастағаннан қабілеті жоғары оқу-шының ойына келуі мүмкін. Ал, сіздің ше?

Оқушылар тест тапсырмаларын орындау барысында геометриялық есептерді шешуде Пифагор теоремасын жиі қолданады. Осыған байланысты тік бұрышты үшбұрыштың қабырғаларының ұзындығын құрайтын сандар тобын жатқа білгені абзал.

Біз осы сандар топтарын қарастырайық. Бұл топтың басында алдымен «Мысыр үшбұрышы» деген атпен белгілі $(3n; 4n; 5n)$ сандар тобы тұрары анық. Ары қарай $(5n; 12n; 13n)$ және $(8n; 15n; 17n)$ сандар тобын, ал сүйір бұрышы 30° болатын тік бұрышты үшбұрыш үшін $(n; n\sqrt{3}; 2n)$ сандар тобын жазуға болады.



Бұл топтар жалпы емес, дербес жағдай болып табылады. Енді сәл

өзгешерек топтарды қарастырайық.

Өзара жай $a < b < c$ сандарын алайық, мұндағы a -үштен кем емес тақ сан, $c = b + 1$ болсын. Егер $b + c = a^2$ болса, онда $a^2 + b^2 = c^2$ болады. Бұдан мынадай теорема құрастыруға болады.

Теорема-1. Егер қатар тұрған екі натурал санның қосындысы үшінші бір натурал санның квадратын берер болса, бұл үш сан тік бұрышты үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтарын құрайды.

Дәлелдеуі: $2 < a < b < c$, a -тақ сан, $c = b + 1$.

Пифагор теоремасы бойынша

$$a^2 + b^2 = c^2 = (b + 1)^2,$$

$$a^2 = b^2 + 2b + 1 - b^2 \Rightarrow \frac{a^2 + 1}{2}$$

$$a^2 = 2b + 1 = b + b + 1 = b + c \Rightarrow \frac{a^2 - 1}{2}$$

Теорема дәлелденді.

Бұл сандардан мынадай

$$a; b = \frac{a^2 + 1}{2}; c = \frac{a^2 - 1}{2} \text{ сандар тобын}$$

құрастырып шығаруға болады.

Бұл теоремадан мынадай заңдылық шығаруға болады.

Кез келген екіден үлкен тақ натурал сан және қосындысы сол санның квадратын беретін қатар тұрған екі натурал сан үшеуі бірігіп Пифагор

**сандарын құрайды**

1-мысал. 9; 40; 41 сандарын алайық.

Тұжырым бойынша $9^2=81=40+41$.
Пифагор теоремасы бойынша $9^2+40^2=41^2$

1. Келесі бір сандар тобын алайық.
 $a < b < c$, мұндағы a -жұп сан, $c=b+2$ болсын. Сонда

$$a; b = \frac{a^2 - 4}{4}; c = \frac{a^2 + 4}{4}$$

Теорема-2. Егер айырымы 2-ге тең екі натурал санның қосындысының екі еселігі келесі бір натурал санның квадратын берер болса, бұл үш сан тік бұрышты үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтарын құрайды.

Дәлелдеуі:

$$a^2 + b^2 = c^2 = (b+2)^2$$

$$a^2 = b^2 + 4b + 4 - b^2 = a \frac{a^2 + 4}{4}$$

$$a^2 = 4b + 4 = 2(2b+2)$$

$$= 2(b+b+2) = 2(b+c) \frac{a^2 - 4}{4}$$

Теорема дәлелденді.

2-мысал. Тік бұрышты үшбұрыштың қабырғаларының қосындысы 84 см, гипотенузасы үлкен катетінен 2 см-ге артық. Осы үшбұрыштың қабырғаларын анықтау керек.

Шешуі: $a+b+c=84$, $c=b+2 \Rightarrow a+b+b+2=84 \Rightarrow a+2b=82$,

Теорема дәлелдеуінен $b = \frac{a^2 - 2^2}{2 \cdot 2}$

$$\text{сонда } a + \frac{a^2 - 4}{2} = 82$$

Бұл теңдеуді ары қарай жинақтап,

квадрат теңдеуді шешеміз.

$a_1 = -14, a_2 = 12$ түбірлерінің оң мәнін аламыз. $\Rightarrow b = \frac{12^2 - 4}{4} = 35 \Rightarrow c = 35 + 2 = 37$

Жауабы: 12 см, 35 см, 37 см.

Осы екі теоремалардан кейін гипотенуза мен үлкен катеттің айырымы 3-ке, 4-ке, сол секілді n -ге тең болғандағы жағдайды математикалық индукция тәсілімен дәлелдеп, теорема құрастырып, жалпы формуласын беруге болады.

Теорема-3. Егер айырымы n -ге тең екі натурал санның қосындысының n еселігі келесі бір натурал санның квадратын берер болса, бұл үш сан тік бұрышты үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтарын құрайды.

Дәлелдеуі:

$$a^2 + b^2 = c^2 = (b+n)^2$$

$$a^2 = b^2 + 2bn + n^2 - b^2$$

$$a^2 = 2bn + n^2 = n(2b+n) = n(b+b+n) = n(b+c).$$

Теорема дәлелденді.

Демек $2 < a < b$ және мұндағы $c-b=n$ сандары үшін $b = \frac{a^2 - n^2}{2n}$, $c = \frac{a^2 + n^2}{2n}$ өрнегі дұрыс болады.

c-b	a	b	c
1	a	$\frac{a^2 - 1}{2 \cdot 1}$	$\frac{a^2 + 1}{2 \cdot 1}$
2	a	$\frac{a^2 - 2^2}{2 \cdot 2}$	$\frac{a^2 + 2^2}{2 \cdot 2}$
3	a	$\frac{a^2 - 3^2}{2 \cdot 3}$	$\frac{a^2 + 3^2}{2 \cdot 3}$
n	a	$\frac{a^2 - n^2}{2 \cdot n}$	$\frac{a^2 + n^2}{2 \cdot n}$



Осы кестеге назар аударып,

$c-b=n$ болатына, $b = \frac{a^2 - n^2}{2n}$, $c = \frac{a^2 + n^2}{2n}$ сандар тобын «**Пифагор сандары**» деп айтуға болады деп ойлаймын.

3-мысал. Тік бұрышты үшбұрыштың кіші катеті 40 см. Гипотенуза мен үлкен катеттің айырымы 10 см-ге тең екені белгілі болса, осы екі катетті табыңыз.

Шешуі: Теорема бойынша

$b = \frac{a^2 - n^2}{2n}$, $c = \frac{a^2 + n^2}{2n}$ екенін ескерсек,
 $b=75$ см, $c=85$ см.

4-теорема. Тік бұрышты үшбұрыштың кіші катетін бірден өзге екі натурал санның көбейтіндісі түрінде жа-

зуға болса, онда үлкен катет пен гипотенузаны сол екі сан арқылы былай өрнектеуге болады.

$$a = n \cdot k, \quad 1 < n < k, \quad b = k^2 - \left(\frac{n}{2}\right)^2,$$

Мұндағы n жұп сан болса b, c - бүтін сандар, n тақ сан болса b, c - бөлшек бөлігі 75 және 25 болатын ондық бөлшек сандар.

4-мысал. Кіші катеті 48 болатын тік бұрышты үшбұрыш қабырғаларын құрастыру керек болсын. Алдымен $(3n; 4n; 5n)$, $(8n; 15n; 17n)$ формулалары бойынша $(48; 64; 80)$, $(48; 90; 102)$ сандар тобын аламыз. $a=48=2 \cdot 24=3 \cdot 16=6 \cdot 8$, демек тағы төрт түрлі сандар тобын құрастыруға болады.

$$1) a = 48, \quad b = 24^2 - \left(\frac{2}{2}\right)^2 = 576 - 1 = 575, \quad c = 24^2 + \left(\frac{2}{2}\right)^2 = 576 + 1 = 577 \quad (48; 575; 577)$$

$$2) a = 48, \quad b = 16^2 - \left(\frac{3}{2}\right)^2 = 256 - 2,25 = 253,75,$$

$$c = 16^2 + \left(\frac{3}{2}\right)^2 = 256 + 2,25 = 258,75 \quad (48; 253,75; 258,75)$$

$$3) a = 48, \quad b = 12^2 - \left(\frac{4}{2}\right)^2 = 144 - 4 = 140, \quad c = 12^2 + \left(\frac{4}{2}\right)^2 = 144 + 4 = 148 \quad (48; 140; 148)$$

$$4) a = 48, \quad b = 8^2 - \left(\frac{6}{2}\right)^2 = 64 - 9 = 55, \quad c = 8^2 + \left(\frac{6}{2}\right)^2 = 64 + 9 = 73 \quad (48; 55; 73)$$

Қорыта келгенде айтарымыз; бұл формулалар арқылы тік бұрышты үшбұрыштың қабырғаларын құрайтын сандар тобын шексіз құрастыра беруге болады. Сонымен қоса, $c-b=n$

болатына, $b = \frac{a^2 - n^2}{2n}$, $c = \frac{a^2 + n^2}{2n}$ сандар тобын «**Пифагор сандарының жалпы формуласы**» деп айтуға болады деп сенемін.

Гүлзира Сүлейменқызы
ЖҰБАНАЗАР,

Ш. Уәлиханов атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі.
Өмірбек Амалбекұлы МАДЕМАР,
Қойгелді атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі.

Талас ауданы,
Жамбыл облысы.



Білім алушыларда өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі тану қабілеттерін, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру



Динара
БАЙТЛЕСОВА,
«Павлодар
технологиялық
колледжі» ШЖҚ
КМК әдіскері.
Павлодар
қаласы.

Аннотация: Мақала білім беру технологиясы — арнайы ұйымдастырылған оқу жағдайларында ойлау қабілетін қалыптастыратын, құбылыстарды, мінез-құлықты сыни бағалаудың логикалық қателіктерін анықтайтын сыни ойлау технологиясына арналған, сонымен қатар мақалада осы технологияның артықшылықтары көрсетілген.

Түйінді сөздер: білім беру технологиясы, сыни ойлау, танымдық іс-әрекетті жандандыру, стратегия, оқу процесінің тиімділігі.

Қазіргі жылдам өзгертін заманда адам көп нәрсені үйренуі керек, оны жасауға тек бір ғана нәрсе — уақыт жетіспейді. Бүгінде қазақстандық білім беру жүйесі «Білім өмір бойына емес, өмір бойы білім алу» ұранымен жұмыс істейді. Жаңа білім сөзбе-сөз айтқанда бір түнде ескіргенде, адамдар өмір бойы алынатын ақпараттың үлкен ағындырын игере алатын оқушы болып қалуы

керек. Сондықтан көптеген педагогтар оқушылардың назарын жеке байланысты емес фактілер мен қағидаларды игеруге емес, оларды ақпаратты өз бетінше тандауға және оны сыни тұрғыдан түсінуге көмектесуге тырысады.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің басты міндеті — тек білімді ғана емес, сонымен қатар қабілетті, өз білімін тәжірибеде қолдана алатын, стандартты емес жағдайларда шешім қабылдай алатын; өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тануға және өзін-өзі анықтауға ұмтылатын тұлғаны қалыптастыру. Оқушылар белгілі бір білім мен дағдыларды игеріп қана қоймай, алған білімдері мен дағдыларын өз бетінше игеріп, талдай және қолдана білуі керек.

Оқушылардың негізгі міндеті — сыни ойлауды үйрену. Яғни, студенттер жаңа ақпаратты қабылдап, оларды терең және сыни тұрғыдан қарастыра білуі керек. Олар ақпарат пен идеяларды зерттей білуі керек, бұл ақпарат пайдалы болатындай дербес ойлануы қажет. Олар жана идеяларды әр түрлі тұрғыдан зерттей білуі керек, олардың сенімділігі мен пайдалылығын бағалай білуі керек, идеялардың жалпы құндылығын өз қажеттіліктері мен мақсаттарына сүйене отырып анықтауы керек.

Білім беру технологияларының ішінде сыни ойлау технологиясы бұл мәселені шешуге барынша ықпал етеді. Бұл



технология арнайы ұйымдастырылған оқу жағдайларында ойлау қабілетін қалыптастырады, құбылыстарды, мінез-құлықты сыни бағалаудың логикалық қателіктерін ашады, әсіресе бұл қоғамдық пәндер сабақтарында жиі қолданылады.

Сыни ойлауды қалыптастыру технологиясы ой қызметінің нақты түрлеріне негізделген құрылыс принциптерін басшылыққа алады:

- дәлелдерді қолдану үшін материалдың ақпараттық қанықтығы;
- пайымдау пәнінің әлеуметтік себебі;
- мәселені пайымдау және оны талқылау процесіндегі коммуникативтілік;
- материал мазмұнының проблемалығы;
- білімге ынталандыру және қажеттілік;
- ақпараттың ғылымилығы, сенімділігі мен қол жетімділігі.

Оқу процесінің тиімділігі үшін сыни ойлау ортасын құру маңызды. Біріншіден, оқушыларға ой жүгіртуге рұқсат беру керек; екіншіден, түрлі идеялар мен пікірлерді айтуға мүмкіндік болуы керек; үшіншіден, оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандыру қажет; төртіншіден, әр оқушының пікірін құрметтейтін атмосфера құру керек; бесіншіден, сыни ойлауды бағалау керек.

Оқушы жастардың өзін-өзі дамыту мәселесіне жүгінудің өзектілігі қазіргі қоғамда білім саласы жаңа технологияның негізі болып табылатындығын көрсететін бірқатар зерттеулермен байланысты. Оқушылардың өзін-өзі дамытуы — ұзақ процесс. Сондықтан

танымдық белсенділікті арттыру бойынша жұмыс жүйесі қалаған мақсатқа — шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамытуға біртіндеп, жүйелі және мақсатты түрде қол жеткізуді ескері отырып құрылуы керек.

Танымдық іс-әрекетті арттыруда қолданылатын әдістер мен тәсілдер білім алушының дамуын ғана емес, сонымен бірге бір уақытта олардың оқу уәждерін қалыптастыруды да қамтуы керек. Білім алушылардың оқуға он (танымдық, саналы, бастамашыл) қатынасы кезінде олардың уәжі оқытушының міндеттерін қайта анықтаумен және анықтау; жаңа мақсаттар қою және осы негізде жаңа уәждің пайда болуымен; өз уәждері мен мақсаттарының арақатынасын түсінумен сипатталады. Танымдық іс-әрекетке бұл жағдайда тапсырмалар мен іс-қимыл әдістерінің үлгілері бойынша қалпына келтіру ғана емес, сонымен қатар өз мақсаттарының пайда болуы, сондай-ақ өз бастамасы бойынша іс-әрекеттерді орындау кіреді.

Жеке тұлғаның барлық психикалық қасиеттері сияқты, танымдық қызығушылық іс-әрекет процесінде пайда болады және дамиды. Ол тақырыпты терең зерттеуге, танымның мәнін түсінуге деген ұмтылыста көрінеді.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы білім беру процесінің әрбір ішкі құрылымында үш сатының (шақыру, ұғыну, рефлексия) болуын көздейді. Бұл кезеңдердің өлшемдестігі әртүрлі болуы мүмкін.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын жүзеге асыруды келесі тәсілдер қамтамасыз етеді.

Оқушылардың оқу қызметін ынта-



ландыруды ұйымдастырудың бірінші кезеңінде танымдық іс-әрекеттің қозғаушысы ретінде пайдаланады:

- мәтіннің негізгі сөздерімен ассоциациялар;
- фотосуреттер, суреттер;
- бір сюжетті бейнефильмдер және басқа мультимедиялық көздер.

Бұл кезеңде сабақтың тақырыбы түсіндіріледі және нақтыланады.

Екінші кезеңде бір-бірімен тақырыптық байланысты емес ғылыми-танымал оқу мәтіндер ұсынылады. Мәтін тақырыптары бойынша студенттер қандай мәтін тақырып бойынша білімді кеңейтуге көмектесетіндігін болжайды.

Мәтінді таңдағаннан кейін студенттер оқығанның негізгі мазмұнын түсіну үшін оны шағын топтарда оқиды.

Үшінші кезеңде мәтіннің грамматикалық материалы бойынша жұмыс және мазмұнды терең түсіну бойынша жұмыс ұйымдастырылады.

Төртінші кезеңде шығармашылық

тапсырмалар болуы мүмкін. Студенттер тақырыптың тілдік және сөйлеу материалдарын білу қабілеттерін және мәтіндік материалдарды өңдеу дағдыларын көрсетуі керек (мысалы, хабарлама тақырыбын құрастыру, хабарламаның мақсаты мен адресатын түсіну, оның мағыналық мазмұны, оқырманға эмоционалды әсер етудің тілдік және көркемдік құралдары туралы ойлау).

Қорытынды кезеңде оқытушы ішкі өзін-өзі бағалауға айналатын рефлексияны ұйымдастырады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша өтетін сабақтағы оқытушының қызметі жауапты ынталандырумен, белсенділікпен, достық ортаны құрумен, ақпарат берудің әртүрлі арналарымен сипатталады. Студенттердің іс-әрекеті топта жұмыс істеу қабілетімен, сондай-ақ диалог жүргізу қабілетімен, сабаққа қатысу дәрежесімен сипатталады.

Оқу қызметін ұйымдастыру алгоритмі

Танымдық қажеттілікті ынталандыру жиынтығы арқылы уәждемені ұйымдастыру	Оқу тапсырмалары мен мәтіндер арқылы оқу жағдайын көрсету	Оқу тапсырмаларын құрылымдау арқылы оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру	топтағы қарсыластық әрекеттерді бастау арқылы мұғалімнің бақылау әрекеттерін көрсету	Ішкі өзін-өзі бағалауға айналатын рефлексияны ұйымдастыру
---	---	--	--	---

Алгоритмнің іс-әрекеттік көрінісі

Мәселені ұсыну	Оқу материалының негізгі ережелерін анықтау	Негізгі ережелер мен олардың тапсырмаларын рубрикация	Анықталған және ұсынылған ақпараттың проблематизациясы	Жалпылама қорытындыларды бастамалау
----------------	---	---	--	-------------------------------------



Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану әсіресе қоғамдық пәндерді оқытуда өзекті болып табылады. Оқушылар талдауға, өз бетінше қорытынды жасауға, «ақылды» сұрақтар қоюға және оларға шығармашылықпен жауап беруге үйренеді. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары қоршаған әлем, қоғам және адам, тарих және табиғат туралы жүйелі білімді қалыптастыруға ықпал етеді. Сыни ойлауды тәжірибеге енгізу үшін оқытушы келесі жағдайларды жасауы керек:

- сабақта сыни ойлауды тексеруге уақыт беру;
- ойлануға рұқсат береді;
- түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- әрбір оқушының оқу-танымдық үрдіске белсенді қатысу үшін әр түрлі жұмыс режимдерін қамтамасыз ету;
- оқушыларға мазақсыз тәуекел атмосфераға кепілдік беру;
- әр оқушының сыни шешім қабылдау қабілетіне сенім білдіру;
- бір оқушыны бөлектемей, ыммен, жымыюмен, көзқараспен ынталандыру.

Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын қолданған кезде оқушының келесі құқықтары мен міндеттерін пайдалану қажет.

Құқықтары:

- өз бетінше ойлау;
- мұғаліммен пікірталас;
- көпшілік мақұлдаған көзқараспен келіспеу;
- оқытудағы саралау;
- оқуда жұмыс істеу құқығы;
- ақпараттық өрісті пайдалану;
- топтың көмегіне жүгіну;
- идеяларды айту және басқаларға ұқсамайтын ұстанымы болу;

· кателесу, бұл үшін мазақ қылмау.

Міндеттері:

- білім көлемін толықтыру;
 - сабаққа жүйелі түрде қатысу;
 - оң баға алуға талпыну;
 - сабақта белсенді болу;
 - сабаққа дайын болу;
 - өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау;
 - басқа оқушылардың пікірлерін тыңдау және бағалау;
 - сөйлеушінің жеке басын сынға алмау;
 - айтылған пікірлерді мазақ қылмау.
- Сыни ойлау, стратегия және жұмыста қолданылатын жүйенің аркасында келесі нәтижелер айқын көрінеді:
- сабақтағы психологиялық жағдай өзгереді, оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың демократиялық формасы басым болады, ашық ұжымдық ынтымақтастық болады;
 - жұмыста қолданылатын стратегиялар оқушылардың сыни ойлау, өз пікірін қалыптастыру, басқалардың пікірін құрметтеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді;

· тұрақты, жүйеде стратегияларды қолдану оқушылардың әр түрлі ауызша сөйлеу дағдыларын (рефераттар, баяндамалар, экскурсиялар, дебаттарда, пікірталастарда сөз сөйлеу және т.б.) игеру процесін жылдамдатады;

· топта оқушылар басқалардың пікірін құрметтей отырып, ортақ істің нәтижелеріне жауап бере отырып, бірге жұмыс істеуге үйренеді; осыдан барлығы ұтатыны маңызды: топтың танымдық істеріне пассивті қатысу да дүниетанымның қалыптасуына әсер етеді, білім әлемін байытады, ой-өрісін кеңейтеді; түпкі мақсат, көрінетін нә-



тижелер оқушының шығармашылық қызметін ынталандырады;

• ең бастысы оқушының кез-келген жұмысы аудитория арқылы кері байланыс алады.

Мен өз сабақтарымда сыни ойлауды дамыту технологиясының элементтерін жиі қолданамын, мысалы: өзара оқыту стратегиясы, бес өлең, Венн диаграммасы, кардиограмма, цветограмма, ассоциациялар. Оқушылар дауыстап талқылауға, ақпаратқа күмән келтіруге, өз пікірлерін айтуға, ымыралы шешім қабылдауға үйренеді, жеке және ұжымдық жұмыс, ынтымақтастық және қарым-қатынас мәдениеті дағдылары қалыптасады.

Сыни ойлауды дамыту әдістерінің артықшылықтары қандай?

1) Өзара оқыту стратегиясы оқушыларға мұғалімнің ролінде болуға мүмкіндік береді, білімді сапалы менгергені үшін жауапкершілікті дамытуға ықпал етеді. Яғни, ол материалды қанша-

лықты жақсы игеріп, оны басқасына қалай жеткізетіні бүкіл топтың білімін бағалауға байланысты болады;

2) Бес жолды өлең құрастыру негізгі мағынаны немесе ұстанымың қысқаша айтуға мүмкіндік береді. Мысалы, «Қазақстандағы ұжымдастыру» тақырыбы бойынша бес жолды өлең құрастыруға болады:

- Ұжымдастыру;
- жаппай, зорлықшыл;
- біріктіреді, жояды, жазалайды;
- Қазақтарды отырықшыландыру процесі аяқталды;
- қоғамдастыру.

3) Венн диаграммасын құру оқушыларда аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді, мысалы: басты нәрсені атап көрсету, байланыс орнату, салыстыру, жалпылау. Бұл екі қиылысатын шеңберді білдіреді. Мысалы, «19-ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбы бойынша Венн диаграммасы келесідей болады:

Венн диаграммасы

И. Тайманов және М. Өтемісов көтерілісі. - Кіші жүз аумағын қамтыды; - 2 жыл болды; - жетекшілер халық арасынан шыққан; - антифеодалды сипатта болды.	- отаршылдыққа қарсы сипат; - халықтың барлық топтары қатысты; - көтерілістер патшалық жазалаушы жасақпен басылды.	К. Қасымов көтерілісі. - Қазақстанның барлық аумағын, барлық үш жүзді қамтыды; - 10 жыл болды; - К.Қасымов сұлтан болды (ақсүйектен); - патшалық Ресейге де, Орта Азия хандықтарына да қарсы бағытталған.
---	--	---

4) Көп деңгейлі сұрақтар:

- тек фразаларды еске түсіруді қажет ететін сөзбе-сөз сұрақтар;
- өзгерістерді талап ететін сұрақтар, жауап берушіден ақпаратты басқа түр-

де беруді талап етеді;

- түсіндіру сұрақтары оқушыларға идеялар мен фактілер арасындағы байланысты анықтауға мәжбүр етеді;
- логикалық сұрақтар оқушыларға



мәселелерді шешуге немесе келесі логикалық мәселелерді немесе оқу кезінде пайда болатын себептерді зерттеуге мүмкіндік береді;

- синтез-сұрақтар мәселенің шығармашылық шешімдерін қамтиды, өзіндік ойлауға мүмкіндік береді;

- бағалау сұрақтары оқушыларды дұрыс немесе бұрыс шешім туралы жауаптарды оқушы анықтайтын стандарттарға сәйкес қабылдауға мәжбүр етеді.

5) Ассоциациялар тақырып бойынша еркін және ашық ойлауға мүмкіндік береді. Ассоциацияларды оқылған материалды қайталау процесінде де, жаңа тақырыпты зерттеу кезінде де қолдануға болады.

Мен педагогикалық қызметіме сыни ойлау технологиясының элементтерін енгізу кезеңдерін қадағалап, осы технологияны қолдана отырып жүргізілген сабақтарды талдай отырып, СО технологиясының әдістері мен стратегияларын қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады деген қорытындыға келдім. Оқушылар неғұрлым зейін салып оқиды, идеяларды жадында ұзақ сақтайды, жаңа материалмен ұғынып жұмыс істейді, өз пікірлерін қалыптастыруға, оны фактілермен қолдауға, өз бетінше ойлауға үйренеді, нәтижесінде пән бойынша білім сапасы артуы керек. Сыни ойлауды дамыту технологиясын қолдану менің педагогикалық қызметімнің ажырамас бөлігі болып қалыптасты, маған осы технологияның келесі артықшылықтарын атап өтуге мүмкіндік берді:

- Жеке білім сапасы үшін жауапкершілік артады;

- Кез келген түрдегі мәтіндермен және ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істеу дағдылары дамиды; ақпарат-

ты біріктіру дағдысын меңгереді;

- Әр түрлі тәжірибені, идеялар мен ұсынымдарды түсіну негізінде өз пікірін қалыптастыру, тұжырымдар мен дәлелдердің логикалық тізбегін құру мүмкіндігі қалыптасады (жүйелі логикалық ойлау дамиды);

- Шығармашылық және аналитикалық қабілеттер, басқа адамдармен тиімді жұмыс істеу қабілеті дамиды; өз ойларын басқаларға қатысты анық, сенімді және дұрыс білдіру қабілеті қалыптасады;

- Технология қызықты, танымдық мәтін құрастыруға болатын материалды оқу кезінде анағұрлым тиімді болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық пәндерді оқу процесінде бәрі маңызды: сабақтағы жағымды психологиялық атмосфера да, оны оқуға деген ынтаның қалыптасуы да және алынған білімді күнделікті өмірде қолдану қажеттілігін түсіну де (білу ғана емес, сонымен қатар қолдану). Сондықтан оқытушының ең алдымен жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығын түсіну маңызды. Уақыт өте келе білім ұмытылуы мүмкін, ал сабақта белгілі бір жағдайларда әрекет ету қабілеті ұзақ уақыт сақталады. Сабақ барысында оқушының ақыл-ойы мен сезімдерін іске қосу керек. Алгоритмді білу ғана емес, сонымен бірге ол осы білімді алатын сезімдер де маңызды. Презентациямен немесе стендтік баяндамамен сүйемелденетін тарихи оқиға, оның себептері мен маңызы туралы эмоциялық айтылған жауап білім алушының зерттелетін тақырыпқа шынайы қызығушылығын, оған құрдастарының белсенді түрде қатысуын көрсетеді.



Ерлік даңқы мәңгілік

(Тілеулес Сауқымұлы Базарбаев 1917-1944 ж.ж.)



**Шынар Маралқызы
ТАТЫРАНОВА,
№170 орта
мектебінің тарих
пәні мұғалімі.
Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.**

1917 жылы Қазалы ауданы Аранды тауының терістігіндегі «Сары төбе» баурайында дүниеге келген Тілеулес Сауқымұлы Базарбаев жастық шағын «Құланбай Айдарбек» жерінде Сырдария жағасындағы «Бірқазан» каналы бастау алатын «Аташ» өлкесінде өткізді.

Тілеулес Сауқымұлының шығу тегі жайлы айтып өтсем. Әлім балаларының бірі – Жаманақ лақап аты Шекті. Ескі әңгіме бойынша Әлімге мың үй тігіп ас беретін баласы осы Жаманақ көрінеді. Бұл рудың аты тарихта да, ел іші әңгімелерінде де мол ұшырасады. Тілеулес Сауқымұлы Үсен атадан тарайды.

Сауқым атадан Ардақ, Тілеулес, Зейнеп, Шынар, Зеріп, Алипа туылған еді. Енді басты тақырыбымды жалғасам Тілеулес анасы Масшекер дүние салғанда балаң жігіт екен. Әкесі Сауқым жанына жалау болып, бірде балық ауласа, күн жылуына дария жағалауына бақша егіп, биік жерлерге шығар арқылы су шығарып жас бала ерте есейіп кетті. Білім алуды мақсат тұтқан Тілеулес «Орақ белгісіндегі»

Үсен ағайындар салған мешітке қатынап имам Омар атадан мұсылманша, төте оқудан да дәріс алған.

Тілеулес Сауқымұлын Қазалыда орыс мұғалім жалдап оқытыпты. Білім алуға құштар жас ағайындар арасында ерте танылып, ел азаматтары мен жақсы аралас-құралас болып, туыстық қарым-қатынас жасап, өзінің ақыл-парасатымен, терең ойшылдығымен айналасына жақсы әсер етіп, айналадағы адамдарға ылғи да жылы шуағын шашып жүреді. Тілеулес бір топ жігіттерімен Қызылорда қаласына аттанып, 1937 жылы Қызылорда педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1940 жылы ақпан айында оқуды ойдағыдай аяқтайды. Арал ауданының «Райым» бастауыш мектебіне оқу ісінің меңгерушісі, мұғалім болып бекітілген, ал 1940 жылы қыркүйегінде мектеп директоры болады. Қолда бар дерек көзі «еңбек кітапшасында» 20 ақпан 1939 жылы толтырылған, ол училищеде оқумен қатар сырттай оқу бөлімінің жауапты хатшысы болып, 25 желтоқсанда 1939 жылы ақпан айында Арал ауданынан кеткенінше қызмет атқарған.

1942 жылы 22 маусым да өз арызына сәйкес соғысқа аттанған. Оның әрбір күні, әрбір қимылы тарихқа айналып жатады. Өмірдің аса күрделі, нанымды екенін сұрапыл соғысқа қатысып, оны көзбен көрген аталарымыздың сөздерінен, естеліктерінен аңғарамыз. Оқу бітіріп, екі жыл қызмет атқарған



жиырма жастағы азамат соғыс кезінде хабарсыз кетеді.

Әкесі Сауқым 1951 жылға дейін Тілеулестен хабар болады деген үмітпен өмір сүреді. Ағайын туыстар жиналып інісі Нұрсұлтан Жұбатұлының «Сауқым ағаға жұбаныш» атты өлең хатын тапсырады.

Сөз танымас демеймін,
Өздеріндей ағаны.
Інім сөйле деген соң,
Сөз сөйледім шамалы.
Үлдетіп ұл сүйіп,
Бала өсірдік саналы.
Жау жағадан жармасты,
Қорға дедің еліңді.
Қоры дедің жеріңді,
Көбігі күміс, суы бал.
Айдын шалқар көлімді,
Ер бол енді перзентім.
Отаныңда сенімді,
Алдағы өмір өрнегі.
Ақ самайдан көрінді,
Жүрегің жара қайтейін.
Сауқым аға келімді,
Белден кешіп қайғыны.
Төге берме шеріңді,
Хақ біледі кім білсін.
Адамның үміт серігі,
Тілеулесің енді жоқ.

Айта келдім көңілді, - деген. Ол кісі баласының өлгеніне сенбеді. Өлерінің алдында немересін қасына шақырып «өсіп азамат болған соң Тілеулестің бір хабарын біл, жатқан жеріне менің және әжең Масшекердің басынан топырақ апарып саларсың» деп тапсырып кетеді.

Жылдар зымырап өтіп жатты. Көп жыл хат жазулардың нәтижесінде 1976 жылы Мәскеудегі орталық архивтен Тілеулес Сауқымұлы 1944 жылы 9

қаңтарда Украинаның Запороже облысының, қазіргі Каменск-Непровск ауданында ерлікпен қаза болғаны жөнінде хат келді. Запорожье облыстық атқару комитетінің хатшысы Огомаз, Каменск, Непровск аудандық әскери комиссары, подполковник Гарпуша «Россия» совхозы партия ұйымының хатшысы А.Е. Заяц, Тілеулес Сауқымұлы «Бауырластар зиратында» жерленгендігі, ол жерде ескерткіш, мемориалдық тақта, мәңгі Алау барлығын хабарлап, өз ұрпақтарын келіп қайтуға шақырған.

Арада 32 жыл өткен соң 1977 жылы Жеңіс мерекесі қарсаңында Украина жеріне жол түседі. Зират алаңды алып жатқан деп айтады оны көрген немересі. Биіктігі бес метрлік тұғырда соғыстан қайтқан жігерлі де тұлғалы солдаттың мүсіні тұр. Бауырластар зиратының тақтасына онда жерленген барлық боздақтардың аты-жөндері жазылған. Жиырма жеті жасында мәңгілікке көз жұмған Сауқымұлы Тілеулеске тағзым етілді. Ұлы жеңіс 1945 жылдың 9 мамырынан бері тойланып келеді. Ұлы Жеңістің 75 жылдығы жақындаған сайын елдің еңсесі көтеріліп, өткенді есіне алуда. От пен оқтан аман-есен елге оралғандар саны қазіргі таңда сиреп бара жатқаны анық.

Тұңғыш Елбасымыз «Ұлы Жеңіс Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі болып табылады», - деген. Осы соғыста миллиондаған халық шырғалаң шайқаста жан қиды. Солардың бірі өзі сұранып соғысқа аттанып, еліне орала алмай Украина жерін қорғай жүріп қаза тапқан, ұстаз, жиырма жеті жасында ерлікпен опат болған Тілеулес Сауқымұлы Базарбаев болатын.



Тілеулес Сауқымұлының туған баласы болмаған, бұл мәлімет туралы кезінде асырап алған баласы айтып берген. Тілеулестің артында ұрпақ қалсын деп соғысқа аттанып кеткенде әкесі Тілеулестің туған апасы Ардақтың баласы Марат Базарбаевты асырап алған. Кейін сол немересіне Тілеулес Сауқымұлы Базарбаевты іздеп тауып ал деп

өсиет қалдырған. Бірақ бұл жауынгер туралы «Боздақтар» кітабында жазылған деректер жоқтың қасы. Суреттері жоқ болып кеткен. Қазіргі таңда Марат Базарбаевтан өз аузынан алынған мәліметтер бар. Марат Базарбаев Алматы қаласында тұрады.

Деректер: «Боздақтар кітабы» 2005 жыл, «Учитель Сыра» газеті 2015 жыл.



Гении в своей профессии

Цель: обобщение и систематизация знаний обучающихся по специальностям 0902000 «Электроснабжение» (по отраслям) и 0809000 «Эксплуатация нефтяных и газовых месторождений» по профилю).

Задачи:

1. Обучающие:

- повторить изученный материал по пройденным темам;
- способствовать формированию интереса к профессии и умения использовать знания на практике.

2. Развивающие:

- способствовать развитию устной речи;
- развивать мышление.

3. Воспитательные:

- способствовать формированию ответственности, самостоятельности;
- воспитывать позитивное отношение к интеллектуальным достижениям одноклассников.

Оборудование: раздаточный материал, компьютер, презентации, проектор.

Выбирается 2 капитана, создается 2 группы поддержки.

В перерывах между конкурсами – задания для групп поддержки, вопросы зрителям.

Ход конкурса.

Ведущий 1. Перед началом конкурса хочу остановиться на правилах и условиях его проведения. Результаты работы на каждом этапе оцениваются по пятибалльной системе:

- за правильно выполненное задание команда получает максимальное число баллов – 5;
- за работу, выполненную на 50% – 3 балла;
- если команда не справилась с заданием, но шла по верному пути – 1 балл.

Поскольку игра носит характер эстафеты, то каждая команда получает баллы и за скорость работы: первая справившаяся с заданием – 1 балл.

В конце соревнования результаты суммируются.

Современные требования к качеству выпускаемых специалистов определило ряд задач перед мастером производственного обучения, преподавателями, кураторами образовательных





учреждений среднего профессионального образования. Процесс формирования профессиональных качеств обучающегося начинается с его профессиональной адаптации. Способствовать их формированию и развитию — первоочередная задача педагога.

Будущие специалисты должны обладать наличием профессионально значимых качеств, формированию которых способствуют мероприятия такого типа. В ходе проведения данного мероприятия приобретает бесценный опыт, который в последствии может применяться на производственном обучении и практике, для решения ситуационных задач на производстве.

I. Тур «Визитная карточка».

Ведущий 2: Каждой команде было дано домашнее задание: «Придумать название команды, эмблему и девиз». Данный конкурс оценивается в 5 баллов.

II. Тур «Угадай слово».

Ведущий 1: Итак, уважаемые участники, от вас требуется внимание, ну и, конечно, же смекалка! Внимательно посмотрите на слайд, вам показаны 4 картинки, необходимо отгадать слово, которое характеризуют данные картинки. Время на отгадывание задания составляет 1 минуту. За каждый правильный ответ команде начисляется 1 балл.

III. «Загадочный прибор».

Ведущий 2: Двум командам ведущий раздает по одному прибору. Задачи команды написать название прибора, определить цену деления и чувствительность, а также назначение прибора. Данный конкурс оценивается в 5 баллов.

IV. «Магический квадрат».

Ведущий 1: В данном конкурсе каждой команде необходимо найти терми-

ны по своей специальности, используя магический квадрат. За каждый термин команде начисляется 1 балл.

V. «Черный ящик».

Ведущий 2: Каждой команде необходимо отгадать, что же находится в черном ящике. Итак, внимание! Черный ящик!!!

Ящик №1. Для электриков.

В черном ящике электронное устройство для подсчета количества импульсов, поступающих на его вход, с помощью непрерывного суммирования; или для определения степени накопления какой-либо величины во времени, методом интегрирования значения текущего измерения. Единица измерения данного прибора кВт/ч.

За правильный ответ команде начисляется 5 баллов, если команда не отгадала прибор в черном ящике, она зарабатывает 0 баллов.

VI. Эстафета «Дружная команда».

Ведущий 1: Данная эстафета направлена на сплочение команды.

Команды построены в одну колонну по одному перед макетами на расстоянии 2-3 метра. По команде ведущего первый номер одевает защитные каску и перчатки и бежит к макету, где ему необходимо закрутить лампочку, оббежать вокруг макета и передать эстафету следующему. Следующий участник также одевает каску и перчатки, добегают до макета, но ему необходимо выкрутить лампочку и оббежать вокруг макета. Выигрывает та команда, которая раньше завершит эстафету. Данный конкурс оценивается в 5 баллов.

V. Конкурс «Рисунок по профессии»

Ведущий 2: Двум командам раздают по А3 и цветные маркеры, каждой команде необходимо за 5 минут нарисовать оригинальный рисунок, касаю-



щийся профессии. Оценивается данный конкурс в 5 баллов.

Ведущий 1:

Пока наше жюри подсчитывает баллы команд и определяет победителей, мы поиграем со зрителями.

Занимательные вопросы для зрителей

1. Человек научился у пауков строить подвесные мосты, у кошек перенял диафрагму в фотоаппарате и светоотражающие дорожные знаки. А какое изобретение появилось благодаря змеям?

Ответ: Шприц.

2. Какими нотами можно измерить расстояние?

Ответ: Ми-Ля-Ми.

3. Какие животные всегда спят с открытыми глазами?

Ответ: Рыбы.

4. Назовите пятую по площади страну после России, Китая, Канады и США.

Ответ: Бразилия.

5. Единственная птица, у которой есть ушные раковины?

Ответ: Сова.

6. Китайские мастера боевых ис-

кусств говорили, что драка — для дураков, для умных — победа. А что, по их мнению, — для мудрых?

Ответ: Мир.

7. У ежа 4 г, у собаки — 100 г, у лошади — 500 г, у слона — 4-5 кг, у человека — 1,4 кг. Чего?

Ответ: Масса головного мозга.

8. Какое блюдо придумал в 17 веке Марко Арони?

Ответ: Макароны.

9. В названии какой конфеты чувствуется холод?

Ответ: Леденец.

10. Один оборот вокруг Земли спутник делает за час и 40 минут, а другой — за 100 минут. Как это может быть?

Ответ: Час и 40 минут = 100 минут.

А.В. КУРИЛЕНКО,
преподаватель электротехнических дисциплин Западно-Казахстанского инженерно-экономического колледжа

А.Ж. НАУРЗБЕКОВА,
преподаватель общетехнических и специальных дисциплин.
г. Уральск.




Табиғат құбылыстары бөлімі бойынша қайталау сабақ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)

4..2.3.1* Табиғат құбылыстары бойынша өткен тақырыптарды қайталау.

4.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру /кесте толтыру/кластер құрастыру, суреттерді сәйкестендіру



Сабақтың мақсаттары	Барлығы: Алған білімді меңгереді. Көбі:Тақырыпты түсініп, тындап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.	
Жетістік критерийлері	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, күн райы, табиғат құбылыстары туралы айта алады.	
Құндылықтарды дарыту	Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыс	Дүниетану	
АКТ қолдану дағдылары	Аудиожазба, слайд	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Армысың, Алтын күн, Армысың, Жер-Ана. Армысың, ұстазым Армысың, достарым.	Шаттық шебері 
Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 1 минут	Берілген сұрақтарға жауап беру - Қазір жылдың қай мезгілі? - Жылдың неше мезгілі бар? - Жыл мезгілдерін ата - Қыс айларын ата. - Бір жылда неше ай бар? - Қыста ауа райы қандай болады? Топқа бөлу: «Мозайка» әдісі. Жыл мезгілдері суреттерін құрастырып, топқа бөлінеді I топ күз, II топ қыс, III топ көктем, IV топ қыс.	
2 минут	 Мақсаты: Қолдың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру. Көзбен мөлшерлей білуге, өз ойын толық жеткізе білуге дағдыландыру.	

Сабақтың
ортасы

3 минут

«Миға шабуыл» өткен сабақты еске түсіру.

ҚБ. Берілген сөйлемдерді оқимын, дұрыс болса шапалақтайды, бұрыс болса аяқпенен тоқылдатады.

Қыста күн ыссы болады.

Қыста боран жиі болады.

Қыста балалар аққала жасайды.

Жазда күн аяз болады.

Көктемде балалар шаңғымен сырғанайды.

Қыста жаңбыр жауады.

Көктемде құстар ұшып келеді.

Қар жауғаннан соң, кемпірқосақ шығады.

Жазда күн ыссы болады.

Күзде ағаштар сарғаяды.



Көктемде ағаштар сарғаяды.

Көктемде қар ериді.

ҚБ «Күн шұғыласы» ойыны

5 минут

Бағалау критерийлері	Дескриптор
Күн шуағы арқылы оқушылар табиғат құбылыстарын жаза алады.	- Күн шуағы арқылы оқушылар табиғат құбылыстарын жазып, айта алады.

Суретпен
жұмыс

5 минут

Қ.Б: «Суреттер сөйлейді»

Бағалау критерийлері	Дескриптор
Суреттер арқылы ауа райының құбылысын айтады	-Суреттегі ауа райының құбылысын анықтап, ережеге сай айта алады

Қол
шапа-
лақ-
тайды,
аяқпе-
нен то-
пылда-
тады.



«Әріптер сөйлейді» қоржыннан сөздерді тандап, оған тиісті әріпті қойып, қандай дыбыс екенін ажыратып сөзді оқу.

ҚБ

М...з. Қ...р...у. А...қ...ла. А...з. Ш...ң...ы. Сал...ы...н. К...н.

Бағалау критерийлері	Дескриптор
Қыс мезгіліне байланысты сөздерді біледі.	- Тиісті әріптерді қоя біледі - Қыс мезгіліне байланысты сөздерді айта алады.

Тыңдалым.ЖЖ. 1-тапсырма: Мәтінді оқиды, бос орынға тиісті сөзді қояды.

Бағалау критерийлері	Дескриптор
Тыңдаған мәтіннің мазмұнына сәйкес тиісті сөздерді қоя біледі	- мәтіннің мазмұнына сәйкес ауа райын айта алады; - Күн райы болжамы туралы тыңдағаның түсінеді

Суреттер беріледі

Қоржыннан сөйлемдерді таңдайды.

Кітаппаен жұмыс

7 минут

«Сәйкесін тап»

ТЖ Суретте ауа-райына сәйкес келетін заттар мен киімдерді анықтайды және жыл мезгілдері туралы әңгімелейді (1, 2 топ)



5 мину

ТЖ Ауа-райы түрлерін ажыратып, әңгімелейді, жыл мезгіліне қатысты артық суретті табады (2, 3 топ)

**Бағалау критерийлері**

Суреттерге қарап ауа райына сәйкес келетін заттар мен киімдерді анықтай біледі
Жыл мезгілдерін айта алады, жыл мезгілінің ауа райы туралы әңгімелей алады.

Дескриптор

- ауа райына сәйкес келетін заттар мен киімдерді анықтай біледі
- жыл мезгілі туралы ажырата біледі және артығын таба алады.

Сергіту сәті

1 минут

Орнымыздан тұрамыз,

Алақанды ұрамыз.

Бір отырып, бір тұрып,

Тез шынығып шығамыз.

ҚБ. Қарамен берілген сөздердің мағынасын күшейтіп айт және жаз.



Мен әдемі кемпірқосақ көрдім. (Әп-әдемі)



Кеше күн ашық болды. (Ап-ашық)



Салқын жаңбыр жауып өтті (Сап-салқын)

Ж.Ж Сөздердің аудармасын табу.

ауа райы — погода — weather;

жыл мезгілдері — времена года — seasons;

қыс — зима — winter;

көктем — весна — spring;

күз — осень — autumn;

жаз — лето — summer.

Тақтамен жұмыс

5 минут

Бағалау критерийлері

Сөзді оқып, аудармасын тауып, дұрыс айту.

Дескриптор

Сөзді оқып, аудармасын тауып, дұрыс айта алады.

5 минут

Сергіту сәтін қайталау



Сабақтың соңы 5 минут	Үйге тапсырма: Қ\б 81 5-тапсырма Қыс мезгілі туралы әңгіме жаз. Рефлексия. Кері байланыс	Смай-ликтер
--	---	--------------------

Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс
Барынша қолдау: Сұрақтарға жауап беруде жетекші көмекші сұрақтармен толықтырып, қолдау жасадым. Сөздерге дыбыстарды дұрыс табуда бағыт-бағдар бердім. Орташа қолдау: Оқылған сөздер түсінікті болу үшін суреттер бердім. Аз қолдау:	«Сәйкесін тап» әдісі Суретте ауа райына сәйкес келетін заттар мен киімдерді анықтайды. «Суреттер сөйлейді» Суреттер арқылы ауа райының құбылысын айтады «Әріптер сөйлейді» қоржыннан сөздерді таңдап, оған тиісті әріпті қойып, сөзді оқу.	Дүниетану арқылы табиғатты аялауға тәрбиелеу.
Рефлексия Сабақ /оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?		

Жазира Елтаевна БИСЕНГАЛИЕВА,
№4 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Ақсай қаласы, Бөрлі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.



XX ғ. Қазақстан экономикасының дамуы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	11.3.2-XX ғ. Қазақстан экономикасының даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау.
Сабақтың мақсаты	XX ғ. Қазақстан экономикасының даму бағыттарын анықтайды. XX ғ. Қазақстан экономикасының даму ерекшелігін талдайды. XX ғ. Қазақстан экономикасының дамуына баға береді.
Бағалау критерийі	XX ғасырда Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдайды.
Сабақ түрі	Өткен ақпарат пен жаңа материалды игеру сабағы.
Тілдік мақсаттар	<i>Оқушылар:</i> - Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: <i>Талқылауға арналған тармақтар:</i> - XX ғ. Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформалар қазаққа тиімді болды ма? - Сіз неліктен айта аласыз ба?

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1. Ұйымдас- тыру 2. Өткен тақырыпты еске түсіру (қайталау) 3. Жаңа са- бақты мең- герту	Амандасу сәті Өткен сабақпен байла- ныс. Сұрақ-жауап арқы- лы 1. XX ғ. Басында қазақ- тың дәстүрлі шаруашы- лығының күйреу себебі? 2. XX ғ. Экономикалық жағдайларға байланыс- ты зиялылардың ұсын- ған шараларын ата. 3. XX ғ. Өнеркәсіп қан- дай дәрежеде дамыды?	Берілген сұрақ- тарға жауап бе- реді. Болжау арқылы немесе күнде- лікті білетін білімдерін қол- дана отырып, өз ойларын ортаға салады Әр оқушы жеке диалогқа шыға- ды экономика- ның даму бағы- тын анықтайды, ерекшелігін талдайды.	«Мадақ- тау сәнд- вичі» Жетондар беру ар- қылы	Слайд- презен- тация https:// www. youtube. com/ watch? v=2 jZk1vCx WA



4. Бекіту Қорытындылау	Ой қозғау. Ой қозғау сурет арқылы XX ғ. кейінгі кезеңінде экономика қалай дамыды деп ойлайсындар? Ойланып көрейік. Видео арқылы қысқаша сабаққа шолу жасалынады. Слайд арқылы әр оқушыға жаңа сабақтағы мәліметтер талдатылады. Индустрияландыру кезеңіндегі экономика Ұжымдастыру кезеңіндегі экономика Ұлы Отан соғысы жылдарындағы экономика "Хрущев жылымығы" кезіндегі экономика Әр кезеңнің табыстары мен кемшіліктері диалог арқылы ашылып, айтылады. Толғаныс сәті. SWOT талдау XX ғ. Қазақстан экономикасы <table><tr><td>Әлсіз жақтары</td><td>Мүмкіндіктері</td></tr><tr><td>Мықты жақтары</td><td>Қауіпкәтері</td></tr></table> Үй жұмысы: <i>Эссе жазу.</i> <i>«Егер сіз сол заманда болсаңыз, Қазақстан экономикасын жақсартуға қандай жоба ұсынар едіңіз?»</i> Кері байланыс. Чатқа хабарлама жазу арқылы жүргізіледі. Мен үшін сабақ құнды ... болды, себебі ... Менің ұсынысым ...	Әлсіз жақтары	Мүмкіндіктері	Мықты жақтары	Қауіпкәтері	Қазақстан экономикасының дамуына баға береді. Өз ұсынысын айтып, жобасын ұсынады «Ең үздік спикер»	
Әлсіз жақтары	Мүмкіндіктері						
Мықты жақтары	Қауіпкәтері						
Лаззат Айдынгалиевна РАХМАЛИЕВА «Олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ-сі тарих пәні мұғалімі Орал қаласы Батыс Қазақстан облысы							



Бәрін де жүрегіңмен өлше



**Ерназар
ЕРБОЛАТҰЛЫ,**
Қажымұқан жалпы
орта мектебінің
өзін-өзі тану пәні
мұғалімі.
Бадам ауылы,
Ордабасы ауданы,
Түркістан облысы.

- **Құндылығы:** Сүйіспеншілік.
- **Қасиеттері:** Ізгілік, тек жақсылық жасау, жанашырлық.
- **Ресурстар:** (материалдар, дерексөз, онлайн Zoom)

Мақсаты: оқушыларға адамилық қасиеттері туралы түсіндіре отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: 1. Білімділік: Оқушыларды ізгілікті қарым-қатынас жасауға үйрету; 2. Дамытушылық: Оқушылардың бойындағы жанашырлық қасиеттерін дамыту; 3. Тәрбиелік: Оқушыларды жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Ресурстар: (материалдар, дереккөздер) 1. http://oilar.kz
Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі. 5 Т – ережесі: Тәртіп; Талап; Тыныштық; Тазалық; Татулық. - Балалар, ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып-білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік. Жағымды күйге келу. Сәлемдесу. «Өз күлкінді шеңбермен көршіңе сыйла» жаттығуы. Шеңберде тұрып, «Мен саған өз күлкімді сыйлаймын, ал сен көршіңе сыйла» деп жалғастыру. 2. Үйге тапсырманы тексеру. Абайдың он жетінші қара сөзін оқып келу. Сұрақтар: 1. Мәтінде айтылған тән құмарларының қажеттілігі шектен асса не болады деп ойлайсыздар? 2. «Жан құмары» адамды қандай игіліктерге жеткізеді?	



3. «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ» дегенді қалай түсінесіздер?

4. Өздеріңіз жан мен тән сұраныстарын қалай реттеп отырасыздар? Қайсысын көбірек тыңдайсыздар? Неліктен?

5. Осы мәтінді оқығаннан соң өздеріңізге пайдалы қандай қорытынды жасайсыздар?

3. Сабақтың дәйексөзі. «Жүрексіз біз нені ұғамыз?»

Ш.А. Амонашвили

Сұрақтар:

1. Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?

Мұғалім: Шынында да ойлап қарасақ адамгершілік қасиеттердің бәрі осы жүрегімізге ұялайды. Егер де жүрек болмаса қайда барады. Сондықтан адами қасиеттердің бәрі бір жерге баратындай мәуелі бақ орнату керек. Ол бақ жүрек. Түсінгенім әр нәрсені жүрек қалауымен жасау керек.

4. Оқиға айту (Мұғалім сыйы). Жақсылық- жаныңды жадыратады.

Сұрақтар:

1. Неліктен адамдар жақсылық жасағанда жаны жадырайды?

2. Қайткенде адамның жан-дүниесі тыныштық табады?

3. Кейбір адамдар неліктен жақсылық жасауға ұмтылады?

4. Атақ-даңқтың адам өміріне тигізер пайдасы бар ма?

Ойларыңды ортаға салыңдар.

5. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

Оқушылар үш топқа бөлінеді.

6-тапсырма. Жағдаяттарды оқып, шешіңіздер.

1-топ: а) — Бір реттен ештеңе болмас. — Әлі жаспыз, өмір алда. — Үлкейгенде, азамат болғанда жасаймын. — Елдің бәрі осылай жасайды ғой. — Ештеңе болмас, бәрі өтеді. — Көп ойланудың, басың ауыртудың қажеті қанша? — Адам бәріне де үйренеді. — Үлкендер де солай істейтін. — Ешкімді тыңдама!

2-топ: ә) Бір күні ұстаз оқушыларына өмірлік бір сабақ үйрету ниетімен тақтаға 1 санын жазады да, оқушыларына қарап «Мұны адамгершілігіміз дейік.



Өмірімізде болуы керек ең маңызды қасиет», — деді. Сосын 1-дің қасына 0 санын жазады да: «Ал бұл болса жетістіктеріміз. Бойыңыздағы адамгершілікке табыс қосылса адам 1-ден 10 бола қалады. Тағы бір 0 қояйық. Ол — тәжірибеміз. Тәжірибесі болса адам 10 емес, енді 100 болады» деп кезек-кезек 0-дерді қоса береді. Зеректік, тәртіптілік, сүйіспеншілік...

Қосылып тұрған әрбір 0 саны адамды 10 есе байытатынын түсіндіреді ұстаз. Бір кезде ұстаз сандар тізбегінің ең басында тұрған 1 санын өшіреді. Сонда тақтада тек 0 саны қалады. Ұстаз оқушыларына былай дейді: «Адамгершілігіміз жоқ болса, қалғанның түк те мәні болмайды».

3-топ: б) Төсекте тәтті ұйқыда жатырсыз. Кенеттен сағаттың қоңырауы соға бастады. Тұрып, сабаққа дайындалатын уақыт болды. Осы сәтте бойымызда екі болмыс күресе бастайды. Оның бірі: «Тұр да, сабағыңды оқы» — десе, екіншісі: «Асықпа. Жата тұр. Әлі уақыт бар» — дейді. Бірінші болмыс: «Қазір тұрып кетпесең қайта ұйықтап кетесің — десе, екінші болмыс: «Жата тұрайын, әлі де уақыт бар ғой» — дейді. Осылайша екі болмыс өзара күреседі. Қайсысы күшті болса сол жеңеді.

6. Топпен ән айту. «Жақсы адамдар» әні орындалады.

Әні мен сөзі: А. Оралов

7. Үй тапсырмасы. Оқушылыр бүгін үй тапсырмасына эссе жазу беремін.

«Алтын жүрек» деген керемет тақырыпқа эссе жазып келу.

8. Сабақтың қорытынды сәті.

Тыныс алуға зейін қою. Баяу музыка қойылады.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

- Дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе

1.....2 [3].

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.